

**«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

ӘОЖ: 637.523.254

Қолжазба құқығында

ТОКЫШЕВА ГУЛЬЖАН МАКСУТОВНА

**ӨСІМДІК ШИКЗАТЫН ҚОЛДАНЫП ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ ШҰЖЫҚ
ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

8D07201 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»

(PhD) философия докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Техника ғылымдарының кандидаты,
доцент
Какимов М.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші
философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор
Zamaratskaia G.

Қазақстан Республикасы
Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
	АНЫҚТАМАЛАР	5
	БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
	КІРІСПЕ	7
Бөлім 1	ӘДЕБИЕТТЕРГЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ	13
1.1	Геродиетикалық тамақтанудың ерекшеліктері мен бағыттары	13
1.2	Геродиетика саласындағы жаңалықтар мен жетістіктерді талдау	20
1.3	Геродиетикалық өнімдер құрамында екіншілік ет шикізатының биопотенциалын қолдану	25
1.4	Геропротекторлық қасиеттері бар өсімдік шикізатын талдау Бірінші бөлім бойынша қорытынды	30 34
Бөлім 2	ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ	36
2.1	Зерттеу сұлбасы	36
2.2	Зерттеу нысандары	37
2.3	Зерттеу әдістері Екінші бөлім бойынша қорытынды	37 45
Бөлім 3	ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ШИКІЗАТТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ	46
3.1	Геродиетикалық шұжық өнімдерін өндіруге арналған өсімдік шикізатын таңдау және негіздеу	46
3.1.1	Геропротекторлық қасиеті бар өсімдік шикізатын таңдау негіздемесі	46
3.1.2	Өсімдік шикізатының геродиетикалық шұжық өнімдеріне әсерін зерттеу	55
3.2	Геродиетикалық шұжық өндірісінде ақуыз гидролизатын қолдану мүмкіндігін негіздеу	58
3.2.1	II категориялы түкті субөнімдерінің химиялық құрамын анықтау	58
3.2.2	Ақуыз гидролизаттарын ферменттік өңдеу арқылы алу және оның қасиеттерін зерттеу	61

3.2.3	Ақуыз гидролизатының өсімдік шикізаты қосылып жасалған геродиетикалық шұжық өнімдеріне әсерін зерттеу	69
3.3	Геродиетикалық шұжық өнімдерінің рецептурасын математикалық модельдеу	77
	Үшінші бөлім бойынша қорытынды	84
Бөлім 4	ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚОЛДАНЫП ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ДАЙЫН ӨНІМНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ	85
4.1	Өсімдік шикізатын қолданып геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясы	85
4.2	Дайын өнімнің тағамдық және биологиялық құндылықтарын анықтау	90
4.3	Геродиетикалық шұжық өнімдерін өндірудің экономикалық тиімділігін есептеу	100
	Төртінші бөлім бойынша қорытынды	104
	ҚОРЫТЫНДЫ	106
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	108
	ҚОСЫМШАЛАР	123
	ҚОСЫМША А. Диссертация бағытында орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары мен жобалардың тізімі	
	ҚОСЫМША Б. Нормативтік құжаттар	
	ҚОСЫМША В. Зерттеу протоколдары	
	ҚОСЫМША Г. Дегустация протоколдары	
	ҚОСЫМША Д. Жұмыстың апробациясы	
	ҚОСЫМША Е. Ғылыми тағылымдамадан өту туралы сертификат	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:
- МЕМСТ 7269-2015 «Ет. Үлгілерді іріктеп алу әдістері және балғындықты анықтаудың органолептикалық әдістері».
- МЕМСТ 9959-2015 «Ет және ет өнімдері. Органолептикалық бағалау жүргізудің жалпы шарттары».
- МЕМСТ 25011-2017 «Ет және ет өнімдері. Ақуызды анықтау әдістері».
- МЕМСТ 23042-2015 «Ет және ет өнімдері. Майды анықтау әдістері».
- МЕМСТ 33319-2015 «Ет және ет өнімдері. Ылғалды анықтау әдістері».
- МЕМСТ 31727-2012 «Ет және ет өнімдері. Құрамындағы күлдің жалпы массалық үлесін анықтау әдістері».
- МЕМСТ Р 51478-99 «Ет және ет өнімдері. Сутегі иондарының концентрациясын (рН) анықтаудың бақылау әдісі».
- МЕМСТ 31796-2012 «Ет және ет өнімдері. Композицияның құрылымдық компоненттерін анықтаудың жеделдетілген гистологиялық әдісі».
- МЕМСТ 33692-2015 «Дәнекер ұлпалық жануартектес ақуыздар. Жалпы техникалық шарттар».
- МЕМСТ 31747 - 2012 «Тамақ өнімдері. Ішек таяқшалары (колиформды бактериялар) тобындағы бактерияларды анықтау және санын анықтау әдістері».
- МЕМСТ 31746-2012 «Коагулаза оң стафилококктар мен *Staphylococcus aureus* мөлшерін анықтау әдістері» бойынша патогенді стафилококкты (*S.aureus*) анықтау».
- МЕМСТ Р 55482-2013 «Ет және ет өнімдері. Суда еритін дәрумендердің құрамын анықтау әдісі».
- МЕМСТ 34118-2017 «Ет және ет өнімдері. Асқын тотығу санын анықтау әдісі».
- МЕМСТ 9794-2015 «Ет өнімдері. Жалпы фосфордың құрамын анықтау әдістері».
- МЕМСТ 30178-96 «Шикізат және тамақ өнімдері. Улы элементтерді анықтаудың атомдық сіңіру әдісі»
- МЕМСТ 34132-2017 «Ет және ет өнімдері. Жануарлар ақуызының аминқышқылдарының құрамын анықтау әдісі».
- МЕМСТ 31663-2012 «Өсімдік майлары және жануарлар майлары. Газ хроматографиясы әдісімен май қышқылдарының метил эфирлерінің массалық үлесін анықтау».
- МЕМСТ Р 55483-2013 «Ет және ет өнімдері. Газ хроматографиясы арқылы май қышқылының құрамын анықтау».
- МЕМСТ 23670 - 2019 «Пісірілген шұжық өнімдері. Техникалық шарттар»

АНЫҚТАМАЛАР

Геродиетикалық тамақ өнімдері – бұл қарт және егде адамдардың тамақтануына арналған, қартаю процестерін баяулатуға ықпал ететін өнімдер.

Геропротекторлы қабілет – өмір сүру ұзақтығын арттыру қабілеті.

Антиоксиданттар – бос радикалдарды залалсыздандыратын заттар.

*Портулак *Portulaca oleracea** – шөпттік өсімдік.

Субөнімдер – сойыс малдарының ішкі мүшелері және малдың жеке бөліктері, сою кезінде бөлініп алынады.

Ақуыз гидролизаты — бірнеше байланысқан аминқышқылдарының фрагменттері болып табылатын жартылай ыдыраған ақуыз.

Коллаген – дәнекер тінінің негізін құрайтын жіп тәрізді ақуыз.

Коллаген гидролизаты - коллаген талшықтарын жылумен, сілтілі ерітінділермен, қышқылмен немесе ферментпен ыдырату арқылы алынатын коллагеннің өңделген түрі.

Ылғалұстағыштық қабілет – бұл ет өнімінің өз ылғалын толық немесе белгілі бір бөлігін ұстап қалу қабілеті.

Энергетикалық құндылық – тәуліктік рационда ағзаға тамақ құрамындағы тағамдық заттардан (ақуыз, майлар мен көмірсулар) биологиялық тотығу әсерінен бөлінетін белгілі бір энергия үлесі немесе жиынтығы.

Тағамдық құндылық - өнімнің барлық пайдалы қасиеттерін, яғни энергетикалық, биологиялық, физиологиялық, органолептикалық құндылығын, сіңімділігін, сапалығын сипаттайтын күрделі қасиет.

Аминқышқылдық скор – зерттеуге алынған ақуыздағы алмастырылмайтын аминқышқылдар мөлшерінің эталонды ақуыздағы дәл сол аминқышқылдардың қатынасы.

Полиқанықпаған май қышқылдары – (ПКМК) жасуша мембранасының құрылысына, жасушадағы зат алмасуды және қан қысымын реттеуге қатысады, ағзадан холестериннің артық мөлшерін шығаруға әсер етеді, атеросклероздың алдын алады және қан тамырлары қабырғаларының беріктігін қамтамасыз етеді.

Функционалды бағыттағы тамақ өнімі – тамақпен байланысты аурулардың даму қауіпін төмендететін, оның құрамында физиологиялық функционалды тағамдық ингредиенттердің болуы есебінен адам денсаулығын сақтайтын және жақсартатын дені сау халықтың барлық жас аралығындағы топтарының тағам рационында жүйелі түрде қолдануға арналған тамақ өнімі.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КеАҚ	– Коммерциялық емес акционерлік қоғам
ҚР	– Қазақстан Республикасы
МЕМСТ	– Мемлекеттік стандарт
ДДСҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕО	– Еуропалық одақ
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚМҚ	– Қаныққан май қышқылдар
МҚМҚ	– Моноқанықпаған май қышқылдар
ПҚМҚ	– Полиқанықпаған май қышқылдар
ЫБҚ	– Ылғал байланыстырғыш қасиет
ЫҰҚ	– Ылғал ұстағыш қасиет
МҰҚ	– Май ұстағыш қасиет
ШЫҚ	– Шекті ығысу кернеуі
ББЗ	– Биологиялық белсенді заттар
АГ	– Ақуыздық гидролизат
Ккал	– Килокалория
°С	– Цельсий градусы
ІҚМ	– Ірі-қара мал
ЕАЭО	– Еуразиялық экономикалық одақ
МҰҚ	– Май ұстау қабілеті
БҰҰ	– Біріккен ұлттар ұйымы
МАжФАМс	– Мезофильді аэробты және факультативті анаэробты микроағзалар саны

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде халықтың үдемелі қартаюуы жүріп жатыр. 2000 жылы дүние жүзінде 60 жастан асқан 600 миллионға жуық адам болса, ДДСҰ болжамы бойынша 2025 жылы қарт адамдар саны 1,2 миллиард адамға дейін артады, 2050 жылы күтілетін саны 2 миллиард адамды құрайды [1]. Қазақстан Республикасы халқының жас құрылымында егде жастағы адамдардың үлес салмағының артуы байқалады, 2023 жылы Қазақстан Республикасында 60 жастан асқандар саны 13,2%, 65 жастан асқандар саны 8,2% құрады [2].

БҰҰ классификациясына сәйкес халқының 65 жастан асқан адамдар саны 7%-дан артық болса, ол ел қартаюшы қоғамға жатады. Осыған байланысты біздің ел демографиялық қартаюдың бастапқы кезеңінде деп айтуға болады. 2010 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде біздің елімізде өмір сүру ұзақтығы 68,3 жастан 74,44 жасқа дейін өсті.

Дұрыс және рационалды тамақтану өмір сүру ұзақтығын 15-20% арттырады. Сол себепті геродиетикалық тамақ өнімдерін өндіру бағытындағы зерттеулер өзектілігін ESPEN (Еуропалық клиникалық тамақтану және метаболизм қауымдастығы) сарапшыларының зерттеулері растайды, олар SARS-COV-2 инфекциямен ауыратын науқастарды қоректік қолдау туралы баяндамасында атап өткендей, COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемде денсаулық сақтау жүйесіне бұрын-соңды болмаған қауіп пен қиындық тудырды. Ғалымдар иммунитеті төмен және жеткіліксіз тамақтану белгілері бар егде жастағы адамдарда инфекция ауыр түрде жүрді немесе көбіне соңы летальды болды деген қорытындыға келді, бұл егде жастағы адамдардың дұрыс тамақтануын алдын алу және диагностикалау қажеттілігін көрсетеді [3].

COVID-19 пандемия жағдайларын, БҰҰ-ның егде және қарт адамдардың тамақтану талаптарына тиісті азық-түлік өнімдеріне қол жеткізуге шақыратын принциптерін (Бас Ассамблеяның 1991 жылғы 16 желтоқсандағы 46/91 қарары), «Салауатты өмір салты және салауатты тамақтану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 380 қаулысын және 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған «Салауатты тамақтану саласындағы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасын» ескере отырып, геродиетикалық бағыттағы өнімдерді өндіру маңызды болып табылады [4-6].

Геродиетикалық тамақтану ережелерін қалыптастыруға отандық ғалымдар Н. С. Машанова, А. К. Игенбаев, Э. Ж. Жақсыбаева және шетелдік ғалымдар M.M. Arafah, M. Subathra, S. Shila, M. A. Devi, T. Ramesh, S.W. Kim, A.A. Korish, A.Г. Храмов, С. Б. Юдина, А. В. Устинова, және және басқалары айтарлықтай үлес қосты. Жасалған өнімнің барлық түрлері азық-түлік тепе-теңдігіне, негізгі компоненттерді жоғары тұтынуына, егде жастағы адамның

қызметіне пайдалы әсер ететін өсімдік шикізат ингредиенттерін қосымша енгізуге бағытталған.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да егде жастағы адамдарға теңдестірілген дұрыс тамақтануды қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі тағамдық заттарды тұтынудың тізбесі мен физиологиялық тәуліктік нормасы ғылыми негізделген, геродиетикалық тамақтану үшін басым болатын негізгі функционалды ингредиенттер айқындалған. Мысалы, 60-74 жастағы ер адамдар үшін ФАО мен ДДСҰ ұсынған тәуліктік ақуызды тұтыну мөлшері 85 г, әйелдер үшін 78 г құрайды [7].

Алайда, егде жастағы адамдардың қажетті биологиялық белсенді заттармен байытылған толыққанды ақуыз өнімдерін тұтыну тәжірибесі физиологиялық нормаларға сәйкес келмейді. Әсіресе тамақтануда аминқышқылдар, кальций, фосфор, гиалурон қышқылы, функцияларды қолдайтын және тірек-қимыл аппаратының ұлпаларды қалпына келтіретін дәрумендер жетіспейді. Аталған функционалды заттар екіншік ет шикізатында көп мөлшерде кездеседі, оған дәлел отандық ғалымдар Е.Т. Тулеуов, Б.К. Асенова, А.К. Какимов, Н.А Кудеринова еңбектері [8-10].

Екіншілік ет шикізаты құрамында дәнекер-ұлпалық ақуыз заттардың, минералды компоненттердің (ең алдымен кальций, фосфор және магний) жоғары болуына байланысты геродиетикалық бағыттағы табиғи биологиялық белсенді заттардың құнды көзі болып табылады [11].

Алайда, нарықта бар геродиетикалық өнімдердің, әсіресе отандық өндірістің тізімі өте шектеулі. Өнімдердің басым түрлері егде жастағы адамның қызметіне пайдалы әсер ететін өсімдік шикізатын қосумен ерешеленеді. Отандық өнімдердің өндірісін арттыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес келеді [12].

Өсімдік шикізатының компоненттерін адам рационына енгізу арқылы өнімнің функционалды қасиеттерін арттыру және ерте қартаюдың алдын алу мәселелерін өз зерттеулерінде К. Ж. Амирханов, Б.К. Асенова, Baliga, M. S., Meera, S., P. G. Xiao, S. T. Xing, M. D. Kamal-Uddin, A. S. Juraimi және т.б. ғалымдар зерттеді. Бұл зерттеулердің негізгі бағыттары липидтердің асқын тотығуының алдын алатын немесе тежейтін әсерлерді зерттеу, атеросклеротикалық өзгерістерге төзімділікті арттыру жолдарын іздеу, адамның тірек-қимыл аппаратын қолдау болды. Бұл процестер ағзаға өсімдік шикізатының дәрумендері, биофлавоноидтары, дубильді заттары, органикалық қышқылдары және басқа да биоактивті заттарының түсуімен тиімді қамтамасыз етілетіні дәлелденген [13-16].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, геропротекторлық қасиеттері бар өсімдік шикізатымен бірге толық пайдаланылмаған екіншілік ет шикізаты ресурстарының биологиялық белсенді компоненттерін пайдалану арқылы геродиетикалық тамақ өнімдерін жасап өндіру өзекті және орынды болып табылады. Бұл отандық геродиетикалық өнімдердің ассортиментін кеңейтуге,

химиялық құрамы бойынша теңдестірілген және егде жастағы ағзаның қажеттіліктеріне сәйкес келетін функционалды өнімдердің жаңа мамандандырылған тобын құруға, өсімдік шикізатын қосу арқылы синтетикалық антиоксиданттарды пайдалануды азайтуға, сондай-ақ ет өңдеу өндірістерінің ет шикізатын қалдықсыз, кешенді өңдеу мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты өсімдік шикізатын және ақуыз гидролизатын қосу арқылы геродиетикалық шұжық технологиясын жетілдіру.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды:

- әдеби көздерге сараптамалық сыни шолу жүргізіліп, диссертациялық зерттеудің нысандары, мақсаты мен міндеттерін айқындау;

геродиетикалық шұжық өнімдерін өндіруге арналған өсімдік шикізатын қолдануын негіздеу және шұжық өнімдеріне әсерін зерттеу;

- геродиетикалық шұжық өндірісінде ақуыз гидролизатын қолдану мүмкіндігін негіздеу және ақуыз гидролизатын ферменттік өңдеу арқылы алу;

- өсімдік шикізатын мен ақуыз гидролизатын қолданып, геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясын жетілдіруді эксперименттік зерттеу және нәтижелерін математикалық өңдеу;

- зерттеу нәтижелерін апробациялау, экономикалық негіздемесін есептеу, өндірістік тұрғыда сынақтар жүргізіп, нормативтік құжаттар әзірлеу және ҚР патентін алу.

Зерттеу нысандары: Өсімдік шикізаты – портулак, II категориялы түкті субөнімдер (сиыр сирақтары, жылқы сирақтары, қой сирақтары), BLT 7 протеазалық ферменттік препарат, ферментативті гидролиз арқылы алынған ақуыз гидролизаты; геродиетикалық шұжық өнімінің бақылау және тәжірибелік үлгілері.

Ғылыми жаңалығы. Сиыр, жылқы және қой түкті субөнімдерінен ақуыз гидролизатын алу үшін ферменттік препараттарды енгізудің оңтайлы үлестік мөлшері зерттеліп, гидролиздеудің тиімді режимдері анықталды.

Антиоксиданттық белсенділігі жоғары портулак өсімдік шикізаты мен түкті субөнімдерінен жасалған құрғақ ақуыз гидролизатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжық өнімдерін өндірудің рецептурасы құрастырылып, технологиясы жетілдірілді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Алынған деректерді талдау және жалпылау негізінде өсімдік шикізатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжық өнімдерінің рецептурасы негізделіп, технологиясы жетілдірілді.

Ферменттік гидролиз арқылы ақуыз гидролизатын алудың технологиялық режимдері белгіленді.

ЖШС СТ 200240008529-001-2023 «Баянауыл» биологиялық құндылығы жоғары пісірілген шұжық өнімі» ұйым стандарты – нормативтік–техникалық құжаттамасы әзірленіп, бекітілді. Аталған өнімдер «МПК Рахмет» ЖШС-інде өндірістік жағдайында апробациядан өткізілді.

Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне № 8767 «Геродиетикалық пісірілген шұжықты өндіру тәсілі» патент алынды.

Өсімдік шикізатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжық өнімдерін өндіріске енгізудің экономикалық тиімділігі есептелді.

Зерттеу нәтижелері техника және технология бакалаврларын даярлаудың оқу процесіне енгізілді.

Автордың жеке үлесі. Қажетті міндеттерді қою, эксперименттерді жоспарлау және іске асыру, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуден өткізу және оларды жариялау, өсімдік шикізатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжық өнімінің технологиясын өнеркәсіптік сынақтан өткізу; нормативтік құжаттаманы әзірлеу болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми қағидалар:

- геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясында портулак (*Portulaca oleracea*) өсімдік шикізатын және II категориялы түкті субөнімдерден алынған ақуыз гидролизатын пайдаланудың негіздемесі;

- геродиетикалық шұжық өнімін байытуға арналған ақуыз гидролизатын ферменттік гидролиз арқылы алу технологиясы;

- өсімдік шикізаты мен құрғақ ақуыз гидролизатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясы мен рецептурасын жасау.

Жұмысты апробациядан өткізу. Өсімдік шикізаты мен құрғақ ақуыз гидролизаты қосылып жасалған геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясы «МПК Рахмет» ЖШС-інде апробациядан Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан ғылыми зерттеулерді 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы BR10764998 «Арнайы диеталық тамақ өнімдерін өндірудепайдалы микроорганизмдердің, ферменттердің, нутриенттердің және басқа да жиынтықтардың жаңа штамдарын пайдалана отырып технологияларды әзірлеу» бағдарламасының «Екіншілік ет шикізатының биологиялық белсенді қоспаларымен байтылған геродиетикалық ет өнімдер технологиясы» жобасы бойынша жасалған келісім шарт негізінде өткізілді.

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері келесі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында «Инновационное развитие пищевой, легкой промышленности и индустрии гостеприимства» (г. Алматы, Алматинский технологический университет, 21-22 октября 2021), Международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития химической технологии и инженерии в пищевой и легкой промышленности» (г. Алматы, 23 февраля 2023) баяндалып талқыланды.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертация тақырыбы бойынша 9 (тоғыз) ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала (процентилдері 44% және 75%) нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus дерекқорына кіретін шетелдік басылымда, 3 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала отандық, халықаралық ғылыми-практикалық

конференция материалдары жинағында, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да жаңа өнімді өндіру бойынша 1 ұсыныс, 1 ЖШС СТ 200240008529-001-2023 «Баянауыл» биологиялық құндылығы жоғары пісірілген шұжық өнімі» ұйым стандарты, Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне № 8767 «Геродиетикалық пісірілген шұжықты өндіру тәсілі» патент алынды:

1. Машанова Н.С., Тоқышева Г.М. Макангали К.К. Перспективы развития мясных геродиетических продуктов / «Инновационное развитие пищевой, легкой промышленности и индустрии гостеприимства» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Сб. материал. Международ. науч. - практич.конф. - Алматы, 2021, - 14-15 с.

2. Абдильманов А.А., Тоқышева Г.М. Макангали К.К. Геродиетические мясные продукты с использованием вторичного сырья / «Инновационное развитие пищевой, легкой промышленности и индустрии гостеприимства» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Сб. материал. Международ. науч. - практич.конф. - Алматы, 2021, - 17-18 с.

3. Узаков Я.М., Машанова Н.С., Макангали К.К., Тоқышева Г.М. Использование вторичного сырья в технологии геродиетических мясных продуктов / «Современные Тенденции Развития Химической Технологии И Инженерии В Пищевой и Легкой Промышленности» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Сб. материал. Международ. науч. - практич.конф. - Алматы, 2023, - 121-122 с.

4. Тоқышева Г.М., Какимов М.М., Тултабаева Т.Ч., Машанова Н.С., Макангали К.К. Разработка геродиетических продуктов как перспективное направление пищевой промышленности / «Современные Тенденции Развития Химической Технологии И Инженерии В Пищевой и Легкой Промышленности» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Сб. материал. Международ. науч. - практич.конф. - Алматы, 2023, - 123-124 с.

5. Тоқышева Г.М., Какимов М.М., Машанова Н.С., Макангали К.К. Екіншілік ет шикізатының биологиялық белсенді ингредиенттерімен байытылған геродиетикалық ет өнімдерін жасау технологиясы бойынша зерттеулер // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. – 2022. – №. 3. – Б. 137-144.

6. Тоқышева Г.М., Какимов М.М., Тултабаева Т.Ч., Машанова Н.С., Макангали К.К. II категориялы субөнімдерден ақуыз гидролизатын алу технологиясын жасау // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы.– 2022. – №. 3. – Б. 144-150.

7. Тоқышева Г.М., Zamaratskaia G., Хасенов Б.Б., Актаева С.А., Костанова А.Т., Айкен Д.К., Макангали К.К. Ферменттік гидролиздің жануартектес коллагенді шикізатына әсері // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. – 2022. – №. 3. – Б. 118-124.

8. Tokysheva, G., Mukhtarkhanova, R., Zhakupova, G., Gorbulya, V., Kakimov, M., Makangali, K. The study of physicochemical and technological properties of boiled sausage recommended for the older adults // *Potravinarstvo Slovak Journal of Food Sciences*, vol. 01, Oct. 2023, pp. 16-29, <https://doi.org/10.5219/1806> . Процентиль 44. Q3.

9. Tultabayeva, T., Tokysheva, G., Zhakupova, G., Konysbaeva, D., Mukhtarkhanova, R., Matibayeva, A., Mukhametov, A., Zamaratskaia G., Makangali, K. Enhancing Nutrition and Palatability: The Development of Cooked Sausages with Protein Hydrolysate from Secondary Raw Materials for the Elderly // *Applied Sciences*. – 2023. – Т. 13. – №. 9. – С. 10462. Процентиль 75. Q2.

Диссертацияның көлемі және құрылымы. Диссертациялық жұмыс мазмұны, кіріспе, әдебиеттерге аналитикалық шолу, зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері, зерттеу нәтижелерін талдау, қорытынды, қосымша материалдардан тұратын бөлімдерден құрылған. Жұмыс 107 бетте берілген компьютерлік мәтіннен, 42 кестеден, 25 суреттен тұрады. Қолданылған әдебиет тізімі 185 әдебиет көзінен тұрады.


ӘДЕБИЕТТЕРГЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ

1.1 Геродиетикалық тамақтанудың ерекшеліктері мен бағыттары

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде халықтың үдемелі қартаюуы жүріп жатыр. 2000 жылы дүние жүзінде 60 жастан асқан 600 миллионға жуық адам болса, ДДҰ болжамы бойынша 2025 жылы қарт адамдар саны 1,2 миллиард адамға дейін артады, 2050 жылы күтілетін адам саны 2 миллиард құрайды [1]. Қазақстан Республикасы халқының жас құрылымында егде жастағы адамдардың үлес салмағының артуы байқалады, 2023 жылы Қазақстан Республикасында 60 жастан асқандар саны 13,2%, 65 жастан асқандар саны 8,2% құрады [2].

Халықаралық классификацияға сәйкес геронтогенез кезеңінің үш градациясы анықталды: егде жастағы ер адамдар үшін 60-74 жас, әйелдер үшін 55-74 жас; қарт жасы 75-90 жас; ұзақ жасаушылар - 90 және одан жоғары [7].

БҰҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің «Әлемдік демографиялық перспективалар: 2019 жылғы қайта қаралған басылым» есебіне сәйкес, 2050 жылға қарай 65 жастан асқан әлемдегі әрбір 6-шы адам (халықтың 16%) және Еуропа мен Солтүстік Америкадағы әрбір 4-ші адам болады (2019 жылы – әрбір 11-ші (9%). 2018 жылы тарихта алғаш рет мұндай адамдардың саны бүкіл әлемде 5 жасқа дейінгі балалар санынан асып түсті [17]. Болжам бойынша, 80 жастан асқан (және одан жоғары) үш есе көп болады: 2019 жылы 143 миллионнан 2050 жылы 426 миллионға дейін. Әлемнің кейбір елдеріндегі егде жастағы адамдардың пайыздық үлесі (сурет 1) [18].



Сурет 1 – Әлемнің кейбір елдеріндегі егде жастағы адамдардың пайызы (65 жастан асқан), 2019, % [18]

ДДСҰ-ның болжамы бойынша, адамдардың өмірін ұзартуға мүмкіндік беретін медицинадағы жетістіктердің арқасында 2050 жылға қарай әлемде 60 жастан асқан адамдар саны екі есеге артуы мүмкін. Бұл перспектива түбегейлі әлеуметтік өзгерістерді қажет етеді. Осыған байланысты егде жастағы және қарт жастағы адамдардың тамақтануына арналған арнайы өнімдерді әзірлеу перспективалы және қоғамда сұранысқа ие болып табылады [19].

Қартаю процесінде ас қорыту қарқындылығы мен сапасы нашарлайды: ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың толық қорытылмауы орын алады және нәтижесінде ағзада маңызды қоректік заттардың созылмалы жетіспеушілігі дамиды [11]. Сондай-ақ, 60 жастан асқан адамдарда 28% жағдайда ахлоргидрия (тұз қышқылының бөлінуін толығымен тоқтату) байқалады. Ұйқы безі шырынының протеолитикалық белсенділігі қарқын түрде төмендейді [7]; ішек тамырлары атрофияға ұшырайды; ішек дисбиозы дамиды, ашыту процестерімен бірге көптеген газдар пайда болады, бұл егде жастағы адамдарда жүрек-қан тамырлары қызметінің бұзылуына әкелетін токсиндердің артық мөлшеріне әкеледі, жалпы әл-ауқаттың, көңіл-күйдің, ұйқының нашарлауына ықпал етеді және шаршауды тудырады. Сондай-ақ, қартайған кезде бауырдың қанмен қамтамасыз етілу қарқындылығы біртіндеп төмендейді және гепатоциттер саны азаяды, нәтижесінде бауыр ақуыздарының синтезі 30% - дан астам төмендейді [11]. Бұл ретте ақуыздардың гидролизі мен сінуінің төмендеуі аминқышқылдарының алмасуының қайта құрылуына және пластикалық процестер үшін бос аминқышқылдарының қолданылуының төмендеуіне әкеледі [20]. Мұндай жасқа байланысты өзгерістердің, тағамның қорытылмаған компоненттерін сіңіре алмаудың салдары ағзадағы маңызды қоректік заттардың созылмалы жетіспеушілігі болып табылады.

Адамның өмір сүру тарихында тамақтану әрқашан оның денсаулығының жағдайына әсер ететін ең күшті және тұрақты фактор болды. Атақты геронтолог, академик Д.Ф. Чеботарева айтуы бойынша: «Тамақтану - өмір сүру ұзақтығын 25-40% ұзартатын іс жүзіндегі жалғыз құрал» [21].

Еліміздің егде жастағы тұрғындарының 75%-ында әртүрлі тамақтану кемшіліктері бар. Атап айтқанда, ас қорытуға байланысты аурулардың жоғары таралуы, олардың ішінде: қан айналымы жүйесі аурулары, семіздік, тірек-қимыл аппараты және т.б. [21, 22].

Қартаю процесі - бұл метаболизм процестерінің қарқындылығының төмендеуі, атеросклероз, гипертония, миокард инфарктісі, инсульт, қант диабеті, ісік және басқа аурулардың даму қаупінің жоғарылауы, күштің төмендеуі және физикалық мүмкіндіктердің шектелуі сияқты өзгерістермен бірге жүретін генетикалық бағдарламаланған процесс. Жасы ұлғайған сайын дәнекер тіндердің, коллагеннің, иммундық жүйе жасушаларының, дәнекер және басқа ақуыздардың санын қоса алғанда, дене массасы мен құрамдас бөліктерінің жоғалуы байқалады; орта жастағы әйелдерде сүйек майының тығыздығының жоғалуы және остеопороз әсіресе белсенді дамиды [11].

Геродиетикалық ет өнімдерін жасау тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені ол кәрілікке тән дисфункционалды бұзылуларды азайтып, адамның белсенді өмір сүру кезеңін ұзартуға бағытталған [7].

Қазіргі уақытта арнайы бағыттағы ет өнімдерінің асортименті, оның ішінде қарттар мен егде жастағы адамдарға арналған өнімдер шектеулі, көбінесе сүт және нан өнімдерінен тұрады [24].

Функционалды тамақ өнімдерінің технологияларын негізін қалауына К. Ж. Амирханов, Б.К. Асенова, Л. Б. Антипова, М. Н. Волгарева, Ю. Г. Григорова, А. И. Жаринова, Г. И. Касьянова, Н. Н. Липатов, А. Б. Лисицын, В. М. Позняковский, А. А. Покровский, и. А. Рогов, М. А. Самсонов, И. М. Скурихина, В. А. Тутельян, А. М. Уголев, А. Б. Устинова, А. Г. Храмцова, Д. Ф. Чеботарев, С. Б. Юдина және тағы басқа ғалымдар зор үлес қосты.

Геродиетикалық өнімдерге қойылатын талаптарға жауап беретін рецептураларды жасау, оның құрамында жануар және өсімдік тектес әртүрлі компоненттерді пайдалануды көздейді. Ет құрамындағы жануар текті ақуыздар аминқышқылдық құрамы бойынша толық болып саналады. Өсімдік шикізаты өсімдік май қышқылдарының, дәрумендердің, макро- және микроэлементтердің көзі болып табылады. Сондықтан арнайы бағыттағы өнімдер әрқашан көп компонентті болып табылады [25].

Егде жастағы адамдар когортасының болжамды өсуі оңтайландырылған жоғары ақуызды тағамдарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Арнайы геродиетикалық ақуызға бай өнімдер саркопения сияқты жасқа байланысты аурулардың жиілігін төмендетуге көмектесетін өнімдер. Дені сау егде жастағы адамдарға күніне кемінде 1,0-1,2 г ақуыз/кг дене салмағына тұтыну ұсынылады. Еуропадағы 65 жастан асқан ересектерге (Baueg, J., Biolo, G. 2013) [26], ал саркопениямен ауыратын егде жастағы адамдарға күніне 1,2-ден 1,5 г/кг-ға дейін дене салмағына қажет болуы мүмкін. Қызыл ет Еуропадағы егде жастағы адамдар жиі тұтынатын дәстүрлі негізгі тағам. (Bernstein, Munoz, 2014) [27].

Бұл биологиялық құндылығы жоғары ақуыздың бай көзі (17-23 г/100 г), сонымен қатар сиыр етінде көп болатын темір, селен, мырыш сияқты микроэлементтер және В12 дәрумені бұлшықет массасын сақтауға көмектеседі (Pereira & Vicente, 2013) [28].

Функционалды тамақтану өнімдерін позитивті тамақтану өнімдері деп атауға болады, өйткені олардың құрамында адам ағзасының немесе тұтастай алғанда ағзаның жеке қызметтеріне оң әсер ететін пайдалы ингредиенттер кіреді. Адамның әдеттегі диетасының бөлігі болып табылатын бұл өнімдерде оларды оңтайлы ететін ингредиенттер бар. Біріншіден, табиғи шығу тегіне байланысты көптеген функционалды ингредиенттері бар көптеген табиғи өнімдер бар: бұл балық майы – полиқанықпаған май қышқылдарының көзі, цитрус жемістері — дәрумендердің көзі, ет – В тобы дәрумендерінің көзі және т. б. Екіншіден, әртүрлі технологиялық әдістерді қолдана отырып дәстүрлі өнімдердің құрамынан зиянды компоненттердің мөлшерін азайту (май қышқылдары жоғары мөлшердегі жануар майлары, холестерин, төмен

молекулалық көмірсулар және т.б.), дұрыс тамақтану өнімдерін алуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, егер дәстүрлі өнімдерді функционалды ингредиенттермен байытылса, функционалды тамақтану өнімдерін алуға болады [29]. Сонымен қатар, осы әдіс арқылы жануарлар тектес өнімдер үшін шикізатты өмір бойы өзгертуге арналған модификация жасап, берілген компоненттік құрамы бар жануар тектес шикізатты алуға болады. Мысалы, өсімдік майымен байытылған (соя ұны, полиқанықпаған май қышқылдары көп өсімдік майлары) немесе селен, α -токоферолмен байытылған (құс, қоян және мал етінің модификациясы) жануарларды азықпен тамақтандыру арқылы қанықпаған май қышқылдарының құрамын арттыру мақсатында май қышқылдарының құрамын өмір бойы өзгерту әдісі бар. Функционалды тамақ өнімдерінің үшінші тобы бағытында белсенді ғылыми жұмыстар жүргізіп жатыр. Азық-түлік өнімі функционалды ингредиенттің орташа тәуліктік қажеттілігінің 10-нан 50% - на дейін болса, функционалды болып саналады. Қазіргі уақытта функционалды ингредиенттердің елуден астам позициясы бар, Д. Поттердің пікірінше, позитивті тамақ өндірісінде жеті функционалды ингредиент қолданылады — бұл диеталық талшық; дәрумендер; минералдар; антиоксиданттар (β -каротин және токоферолдар); олигосахаридтер (пребиотиктер); пайдалы микроорганизмдер (пробиотиктер) және полиқанықпаған май қышқылдары (омега-3 және омега-6 майлары) [30].

Ет өнімдері өзіндік ақуыздың құрамынан басқа, байытуға арналған негіз ретінде қолдануға қосымша әлеуетке ие. Күніне 100 г порцияға кемінде 25-30 г тұтыну деңгейіне жеткізу егде жастағы адамдарда бұлшықет ақуызының синтезін ынталандырады, осылайша саркопения қаупін азайтады.

Басқа артықшылықтарға тағамдық талшықтар, дәрумендер мен минералдар, жақсы технологиялық және органолептикалық қасиеттер және төмен шығындар жатады. Осылайша, ет өнімі табиғи түрде тағамдық ақуызға, әсіресе лейцинге, қосымша өсімдік ақуыздары арқылы байытуға мүмкіндік береді. Егде жастағы адамдарға ақуызды тұтынуды арттыруға көмектесетін құрамында ақуызы жоғары өнім [31].

Егде жастағы халықтың диетасына жануарлар мен өсімдік шикізатын пайдаланатын функционалды тағамдарды қосу диетаны ақуыздар, дәрумендер, амин қышқылдары, макро және микро элементтер, диеталық талшықтар және басқа да пайдалы заттар бойынша теңестіруге, денсаулықты жақсартуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары пайдалы және теңдестірілген тамақтануды көптеген ауруларды алдың алу үшін кең қолданады. Жас ұлғайған сайын тамақтануда ақуыздың және дәрумендердің жетіспеушілігі байқалады. Осындай адам ағзасына маңызды заттардың жетіспеушілігі, жас ұлғайған сайын әр түрлі сырқаттарға сезімталдылығын арттырады. Геродиетикалық жаңа өнімдерін жасау үшін қолданылатын егде жастағы адамдардың барлық негізгі қоректік заттарды тұтыну нормалары 1-ші кестеде көрсетілген [32]. Ұсынылатын тұтыну мөлшері егде жастағы адамдарға қажетті энергия мен қоректік заттардың физиологиялық қажеттіліктерін жабады (кесте 1).

Кесте 1 – Егде жастағы адамдардың негізгі қоректік заттарды тұтыну нормалары

Көрсеткіштер, (тәулігіне)	Көрсеткіштер мәні	
	60-тан асқан ерлер үшін	60-тан асқан әйелдер үшін
Энергия, кДж	2300	1975
Ақуыз, г	68	61
Онын ішінде жануар тектес, г	34	30,5
Ақуыз, % ккал-дан	12	12
Майлар, г	77	66
Май, % ккал-дан	30	30
МҚМҚ, % ккал-дан	10	10
ПҚМҚ, % ккал-дан	6–10	6–10
Омега-6, % ккал-дан	5–8	5–8
Омега-3, % ккал-дан	1–2	1–2
Фосфолипидтер, г	5–7	5–7
Көмірсулар, г	335	284
Қант, % ккал-дан	<10	<10
Тағамдық талшықтар, г	20	20

Егде жастағы адамдарды тамақтандыру кезінде геропротекторлық қасиеттері бар заттарды қолдану ұсынылады. Ең алдымен, антиоксиданттар геропротекторлар болып табылады, олар адамның орташа өмір сүру ұзақтығын 5-10 жылға ұзарта алады [33]. Денедегі антиоксиданттар ретінде кейбір дәрумендер жетекші рөл атқарады. Биомолекулалардың пероксидті тотығу реакцияларын С, Е, К, А дәрумендері, каротиноидтар, пероксидазалар, цистеин, глутатион және басқалар тиімді тежейді. Аскорбин қышқылы тамыр қабырғаларының өткізгіштігіне, олардың серпімділігі мен беріктігіне жауап береді, сонымен қатар холестерин алмасуын реттейді, оны сақтау қартаю процесінде өте маңызды. Жасы ұлғайған сайын ағзадағы аскорбин қышқылының мөлшері азаяды және ұлпалардың оған қажеттілігі артады, осыған байланысты аскорбин қышқылын тұтынудың тәуліктік мөлшері 70-80 мг құрайды. Иммундық жүйенің жұмысын түзету үшін егде жастағы адамдарға иммуномодуляторлардың қосымша көздері қажет [34].

Минералды заттар ағзаның қартаю процесінде маңызды рөл атқарады: кальций, фосфор, магний және т.б., олар адамның тірек-қимыл аппаратының құрамына кіреді, денеде сілтілі ауысуына катысады. Сонымен қатар, жас ұлғайған сайын кейбір ұлпаларда (сүйек, шеміршек) минералды заттар жетіспейді, өйткені жылдар өте келе кальцийдің сіңуі бұзылады. Кальцийдің сіңуін арттыру үшін оны қосымша биологиялық қоспа ретінде және Д мен С дәрумендерімен бірге қолдану ұсынылады [35].


Егде жастағы адамдардың ағзасында темірдің жетіспеушілігі мен тұзды тағамдарды шектен тыс тұтынуына байланысты натрийдің артық болуы тән. Қартаю процесін тежеу үшін калий маңызды, ол артық суды кетіреді, жүрек бұлшықетінің жиырылуын күшейтеді [34].

Егде жастағы адамдардың тамақтануында ас қорыту ферменттерін инактивациялайтын, заттардың сіңу процесін тежейтін немесе зақымдайтын ингибиторлардың және токсикологиялық компоненттердің (этанол, кофеин және т.б.) құрамын бақылау қажет [35].

Осылайша, егде жастағы адамдардың тамақтануындағы өзекті бағыттар гетеропротекторлардың табиғи көздерін (антиоксиданттар, дәрумендер, минералдар) табу, геронтологиялық профильдің негізгі өнімдерін таңдау (ұнтақталған ұннан жасалған нан, ашытылған сүт сусындары), оларды функционалды ингредиенттермен байыту, сонымен қатар ас қорыту ингибиторлары мен токсиканттардың ағзаға түсуін алдын алу.

Рационалды дұрыс тамақтану – өмір сүру деңгейін жақсартудың, денсаулықты сақтаудың басты шарттарының бірі, ұзақ өмір сүрудің болжаушысы. Біздің еліміздің егде жастағы тұрғындарының 75% - ында тамақтанудың әртүрлі бұзылыстары бар [7].

Еліміздің астанасындағы қарт адамдардың тамақтануын зерттеу барысында күнделікті рациондары негізінен келесі тағамдардан тұрады: жануарлардан алынатын ақуыздар мен майлар, оңай сіңетін көмірсулар. Тағамдарда артық қаныққан май қышқылдары, ПҚМҚ-ның жетіспеушілігі, қарапайым көмірсулардың жоғары тұтынылуы, D, A, B1, E, C дәрумендерінің жетіспеушілігі, биотин, фолий және пантотен қышқылдары, кальций мен калий жетіспейтіндігі атап өтілді [36]. Астана қаласының егде жастағы адамдардың тағамдық заттарды тәуліктік тұтынуы нормалары (сурет 2).



Сурет 2 – Ұсынылатын нормалармен салыстырғанда Астана қаласының егде жастағы адамдардың тағамдық заттарды тәуліктік тұтынуы [36]

Зерттеу нәтижесінде респонденттер күн сайын ет пен ет өнімдерін тұтынатыны анықталды: сауалнамаға қатысқандардың 55,2%, аптасына 1 рет – 10% және мүлдем тұтынбайды – 4,3%. Атап айтқанда, сиыр етін 31,4%, жылқы етін 29%, қой етін 8,1% және 8,6% жеді [36].

Кальций, D дәрумені, калийдің төмен мөлшері анықталды. Бұл жағдайда кальций әйелдерде тәулігіне 528 мг, еркектерде күніне 549 мг, қажеттілік нормасы тәулігіне 1300 мг. D дәрумені әйелдер мен ерлер үшін тәулігіне 15 мкг мөлшерінде нақты тұтыну сәйкесінше 0,92 және 1,15 мкг болды.

Ақуызды тұтынуға қатысты, PROT-AGE жобасындағы Швед ғалымдарының тобы егде жастағы адамдарға арналған ақуызды тұтыну бойынша өз ұсыныстарын жариялады:

- физикалық жағдайды сақтау үшін егде жастағы адамдарға жас ересектерге қарағанда көбірек ақуыз қажет; егде жастағы адамдар күніне орта есеппен 1,0-ден 1,2 г / кг салмаққа дейін тұтынуы керек;

- жедел немесе созылмалы аурулармен ауыратын егде жастағы адамдардың көпшілігі одан да көп ақуызды қажет етеді; ауыр аурулары мен жарақаттары бар немесе дұрыс тамақтанбаған адамдарға тәулігіне 2,0 г/кг салмаққа қажет болуы мүмкін;

- егде жастағы адамдарға ақуызды тұтынуды көбейтумен қатар жаттығулар жасау ұсынылады.

Адамның қартаюуы әртүрлі органдардың құрылымы мен функцияларының өзгеруінің табиғи процестерімен бірге жүреді. Ең айқын өзгерістер ауыз қуысы, адам ағзасының ас қорыту жүйесі тарапынан байқалады:

- сақталған тістер әртүрлі дәрежеде бұзылады;

- ауыз қуысының көлемі азайып, мимикалық және шайнайтын бұлшықеттер атрофияланады;

- асқазан сөлінің қышқылдығы төмендейді, бұл тағамның қорытылуын қиындатады;

- қоректік заттардың, атап айтқанда майлар мен көмірсулардың сіңу деңгейі төмендейді.

I.C.Lee және басқа да ғалымдар (Kaohsiung Medical University) зерттеулерінің нәтижелері егде жастағы адамдарда шайнау қабілетінің жақсаруы тамақтанудың жақсаруына ғана емес, сонымен қатар өмір сапасының жақсаруына әкелетінін көрсетті [37]. Егде жастағы адамдардың шайнау қабілетін сақтау немесе жақсарту салауатты қартаю үшін өте пайдалы, бұл өз кезегінде физикалық және психологиялық денсаулықтың жақсы көрсеткіші болып табылады.

Осыған байланысты егде жасқа бейімделген тағамның консистенциясы геродиетикалық бағыттағы өнімдерді әзірлеуде маңызды фактор болып табылады. Тағамның консистенциясын реттеу әрқашан жеке қажеттіліктерге сәйкес жүргізілуі керек. Геродиетикалық өнімнің құндылығын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – протеолитикалық ферменттердің асқазан-ішек жолындағы ақуыздарды сіңіру дәрежесі.

1.2 Геродиетика саласындағы жаңалықтар мен жетістіктерді талдау

Ет және сүт өнеркәсібі функционалды, соның ішінде егде адамдар мен қарттар тамақтануына арналған геродиетикалық өнімдердің өндірісін ұлғайту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл көбінесе осы салаларда ақуыз шикізатының үлкен резервтерінің болуына байланысты, соның ішінде сою өнімдерін ұтымды өңдеуден: қан, плазма, қан сарысуы және биологиялық құндылығы жоғары, егде жастағы адамдардың түрлері метаболизм мен патологияның ерекшеліктерін ескере отырып, амин қышқылды, май қышқылды, минералды құрамды теңестіруге, өнімдердің энергетикалық құндылығын реттеуге мүмкіндік беретін басқа да шикізаттар бар [38].

Сүт шикізаты негізіндегі жаңа геродиетикалық өнімдердің бірі «Лактогеровит» – берілген химиялық құрамы бар және «геросан» бактерияларының арнайы штамдары бар сүт қышқылды сусыны ерекше қызығушылық тудырады. Johnson & Johnson (АҚШ), DANONE (Франция), MDFoods (Дания) және басқа да азық-түлік нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын сияқты кейбір ірі фирмалар мен компаниялардың ғылыми бөлімдерінің зерттеу стратегиясы қазірдің өзінде арнайы тамақтануға арналған өнімдерді әзірлеуге бағытталған [39].

Геродиетикалық тамақтануға арналған төмен лактозалы сүт өнімінің композициялық рецептурасына майсыздандырылған сүт (84,00-91,54 %), кілегей (4,22-8,71%), сарысу ақуыздарының концентраты (0,92-1,09%), «Макси – лакт» ферменті (0,0902-0,0998 %), инулин, өсімдік шикізатының бал сығындылары болып табылатын «Лактумин», «Кумелакт», «Лактофит», «Лактофл – экс» немесе «Тодикамп-Лакт» (0,85-3,2 %), минералды заттар (0,0919 - 0,1386 %) және С, В дәрумендері (0,0074605-0,01141573 %). Композицияның құрамы дәміне қарай теңестірілген және оның профилактикалық қасиеттерін, сіңімділігін, биологиялық және тағамдық құндылығының жоғарылауын қамтамасыз етеді. Технология шикізатты дайындауды, сүтті пастерлеуді, майлылығын қалыпқа келтіруді, сарысулық ақуыз концентраты мен инулинді ерітуді, "Максилакт" препаратының β - галактозидазасын ферментациялауын, ББҚ-ны қосуды, гомогенизация, пастерлеу, салқындату және құюды қамтиды. Өнім иммуномодуляциялық, антиоксидантты, қалпына келтіретін қасиеттерге ие, метаболизмді реттейді, бифидофлораның дамуын ынталандырады [40].

Егде жастағы адамдардың тамақтануын түзетудің олардың әл-ауқатына әсері туралы практикалық дәлелдер бар. Жапондық зерттеушілер M. Kimura, A. Moriyasu, S. Kumagai, T. Furuna, S. Akita, S. Kimura және T. Suzuki диетаның әртүрлілігі мен тамақтану жиілігін арттырғаннан кейін интернаттардағы егде жастағы адамдардың жалпы әл-ауқатынның жақсаруы мен өзін-өзі бағалаулары артқанын дәлелдеді [41].

Біріккен Араб Әмірліктерінің ғалымдары S. Garabala және S. Forster егде жастағы адамдарды минералдар мен дәрумендерге деген қажеттіліктерін 100% қамтамасыз ету арқылы олардың депрессиялық белгілерін төмендеуін

дәлелдейтін эксперименттер жүргізді [42].

Австралиялық ғалымдар D. Simar, D. Malatesta, E. Mas, M. Delage және C. Caillaud тамақ құрамындағы табиғи антиоксиданттардың егде жастағы адамдар ағзаларының иммундық функцияларына әсерінің тиімділігін көрсетті [43].

Ет-сүт өнеркәсібі институтының мамандары ω -3 полиқанықпаған май қышқылдарын пайдалана отырып, геродиетикалық тамақтануға арналған ет өнімдерін әзірледі: байытылған ет пасталары және байытылған туралған ет жартылай фабрикаттары. Паштеттер сиыр және (немесе) шошқа бауыры, сиыр еті, шошқа еті, шошқаның бас еті, сиыр және (немесе) шошқа етінің жүрегі, құс бауыры және (немесе) құс жүрегі, құс еті, құстың майы, крахмал, жарма, тағамдық талшық (инулин), сорпа немесе су, пияз, полиқанықпаған май қышқылдары ω -3, қоюландырғыш және (немесе) тұрақтандырғыш, тағамдық йодталған ас тұзы негізінде дайындалады.

Беларусь елінің ҰҒА-сы фармакология және биохимия институтында паштеттер мен жартылай фабрикаттардың геропротекторлық қасиеттері зерттелді. Тәжірибелер жас (3 ай) WAG желісінің ақ аналық егеуқұйрықтарында жүргізілді және егде жастағы (18 ай.) Құрамында 1% ω -3 бар ет өнімдерін жануарлардың тағамына қосу егде жануарлардағы қан мен сүйек кемігі жасушаларының көбеюінің жоғарылауына ықпал ететіні және бақылаумен салыстырғанда барлық зерттелген жасуша популяцияларында жасуша өлімінің деңгейін төмендететіні анықталды. Сондықтан геропротекторлық қасиеттері бар мұндай байытылған өнімдер егде жастағы адамдарға ұсынылады [44].

Егде жастағы адамдардың тамақтануына әлеуметтік-психологиялық фактор мен адамның материалдық жағдайы үлкен әсер етеді, бұл дұрыс тамақтанбауды немесе ең арзан өнімдерді тұтынуға қарай бұрмалануды тудырады. Американдық зерттеуші N.W. Shock егде жастағы адамдар арасында маңызды қоректік заттардың жетіспеушілігін, ең алдымен, аз қамтылған адамдар сезінеді деп санайды. Қартаю кезінде биологиялық белсенді заттардың жетіспеушілігі пайда болады, ал халықтың кедей топтары оларды өте төмен мөлшерде алады [45].

Ағылшын ғалымы S.H. Lecter егде жастағы адамдарда жараларды ұзақ уақыт емдеу мәселесін олардың дұрыс тамақтанбауымен байланыстырады [46].

Австралиялық зерттеушілер K. Schouten, M.A. Lindeman және J. Reid ұлттық геронтологиялық тамақтану бағдарламасын әзірлеу мен енгізудің өзектілігі мен қажеттілігі туралы айтады, Австралияның егде жастағы жергілікті тұрғындарының басқа мәселелерінен семіз және тамақтанбаған адамдардың жоғары пайызын бөліп көрсетеді [47].

Бразилиялық ғалымдар M.V. Malta, S. J. Rapini және J.E. Corrente Сан - Паулу қаласындағы егде жастағы адамдарға арналған зерттеулерінің келесі деректерін береді: осы санаттағы адамдардың 33%-ы өз қажеттіліктеріне сәйкес тамақтанбайды, ал 60% - ы тамақтануын түзетуді қажет етеді [48].

Американдық ғалымдар E. Volpi, W. W. Campbell, J. T. Dwyer, M. A.


Johnson, G. L. Jensen, J. E. Morley және R. R. Wolfe егде жастағы адамдарда ақуыздық тамақтанудың жеткіліксіздігін олардың өмірлік функцияларын сақтау үшін ең маңызды деп санайды [49].

Итальяндық зерттеушілер G. Turconi, M. Rossi, C. Roggi және L. Maccarini егде жастағы адамдардың жартысынан көбі көмірсулар мен майларға бай, бірақ құрамында құнды ақуыздар мен аминқышқылдары аз, дұрыс емес тамақтану салдарынан семіздікке және уақытша бұлшықет жоғалуына ұшырайды дейді [50].

Н.В. Купаева және Е.А. Котенкова жануарлардан алынатын шикізаттың антиоксиданттық потенциалына талдау жүргізді, зерттеу объектілері қосалқы өнімдер болып табылды: бауыр, ми, жүрек, аорта және шошқалардың мезентеральды лимфа түйіндері болды. Нәтижесінде супероксид дисмутаза белсенділігі, каталаза белсенділігі, FRAP әдісімен антиоксиданттық белсенділік және 2-тиобарбитур қышқылымен әрекеттесетін белсенді өнімдердің концентрациясы анықталды. FRAP әдісімен анықталған антиоксиданттық белсенділік $4,10 \pm 0,16$ мкмоль-экв болды. дигидрокверцетин / г шикізат. Ғалымдар ет өнеркәсібінің жанама өнімдерін биологиялық белсенді компоненттердің көзі ретінде қолданған жөн деп ерекше атап өтті [51].

АҚШ ғалымдарының зерттеулері рационға биологиялық белсенді қоспа ретінде -аланинді қосу арқылы егде жастағы адамдардың жұмысына оң әсерін көрсетті [52].

Осылайша, ет өнімдерінің функционалдығы туралы айтатын болсақ, оларды дәрумендермен байыту керек. Әр түрлі факторларға — температураға, ылғалдылыққа, тотықтырғыштар мен қышқылдардың әсеріне қатысты дәрумендердің тұрақтылығын ескеру қажет. Дәрумендердің барлық топтарының тұрақтылығына әсер етпейді немесе әлсіз әсер етеді. Сондықтан біз басқа факторлардың дәрумендердің тұрақтылығына әсері диаграмма түрінде көрсетілді (сурет 3).



Сурет 3 – Дәрумендердің тұрақтылығына факторлардың әсері

Талдау ет өнімдерін дәрумендермен байыту үшін В2, В6, В12, РР және Н дәрумендерін, сондай-ақ майда еритін А, Д, Е, К дәрумендерін жоғары температураның әсеріне ең төзімді, осыларды қолданған жөн екенін көрсетеді. Ол үшін қажетті дәрумендерге бай өсімдік және жануар тектес шикізатты немесе дәруменді препараттарды қолдануға болады. Ет өнімдерін дәрумендермен байыту үшін жануар тектес шикізатты пайдаланған кезде І категориялы субөнімдерді қолданады, олар : А дәрумені — бауыр, РР дәрумені — ми мен тіл, С дәрумені — бүйрек [53].

С. Б. Юдина егде жастағы адамдарға дәнекер ұлпаның мөлшері жоғары ет шикізатын қолдана отырып, паштет технологиясын жасады. Технология рецептураға келесі компоненттерді қосуды қарастырады: сиыр етінің қиықтары -35%, сиыр еті-27%, жүгері жармасы-17,5%, сұлы талшығы-7,3%, сәбіз-2,1%, жоталы шпик-10,2%, соя майы-0,9%. Жоғарыда аталған өнім жүрек-қан тамырлары аурулары, асқазан-ішек аурулары бар немесе бейім егде жастағы адамдарға ұсынылады. Май алмасуы бұзылған егде жастағы адамдарға келесі рецепт ұсынылады, ол мыналардан тұрады: І сортты сиыр еті - 36%, ірі қара малдың бас еті - 18%, қарақұмық жармасы - 7,2%, сәбіз - 27,4%, жоталы май - 10,5%, соя майы - 0,9% [54].

Сондай-ақ, арнайы бағыттағы тамақтануға арналған "Цыпаган" пісірілген шұжықтар әзірленді. Құрамына бұғы мүйізінен жасалған минералды-органикалық қоспалар кіреді. Жұмыртқа ұнтағы, қырыққабат, соя майы, жоталы шошқа майытқосылған жылқы етінен геродиетикалық бағыттағы консервілерді өндіру әдісі белгілі. Алайда, консервілердің бұл түрінің бірқатар кемшіліктері бар, атап айтқанда: биологиялық құндылығы төмен, органолептикалық қасиеттері төмен, сақтау мерзімі шектеулі [55].

Функционалдық бағыттағы өнімдерді жасаудың маңызды міндеттерінің бірі экологиялық таза шикізаттан рецептураларды жобалау болып табылады. Осыған байланысты ғалымдар ет шикізатының дәстүрлі емес түрлерін қолдануды ерекше атап өтеді. Сонымен, түйеқұс еті пайдалану ұсынылады, ол толық ақуыздың көзі болып табылады-23% дейін, майдың аз мөлшері - 6,8% дейін және холестерин - 40мг / 100г дейін [56].

Май құрамындағы полиқанықпаған май қышқылдары - метаболикалық процестердің қалыпты жүруіне үлкен әсер ететін тамақтанудың таптырмас факторы. Омбы мемлекеттік аграрлық университетінде әзірленген жүгері мен соя майы қосылған ашытылған сүт-өсімдік өнімі - зығыр майы толтырылған сүзбе десерт пастасы ағзадағы холестерин мен қаныққан май қышқылдарының мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді [57].

Ақуыздар мен әсіресе олардың сапалық құрамыны кез-келген жастағы адамның тамақтануында өте маңызды. Н.Н. Липатов геродиетикалық тағамдардың аминқышқылдарының құрамы мен ақуыздардың тепе-теңдігінің формальды критерийін жасады, оның көмегімен геродиетикалық тағамға арналған тағамдардың ақуыз құрамын жобалауға болады [58].

Геродиетикалық өнімдер барлық маңызды аминқышқылдарын біріктіруі

керек. Бұл адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажеттілікке байланысты. ФАО/ДДСҰ талаптарына сәйкес ет шикізатындағы маңызды аминқышқылдары осы жалпыға бірдей белгіленген талаптарға толық сәйкес келмейді. Осыған байланысты, алмаспайтын аминқышқылдарының тепе-теңдігі үшін ет пен өсімдік шикізатын біріктіру қажеттілігі туындайды [59].

Ғалымдар Белова В. Ю. құрамында балласт заттары көп геродиетикалық өнімдердің қажеттілігі туралы ғылыми негізделген фактілерді алды. Ақуыз-май эмульсиялары түрінде шошқа терісін қосу дайын өнімді дәнекер ұлпаның ақуыздарымен: коллаген және эластинмен қамтамасыз етеді [60].

Егде жастағы адамдар үшін құнды бидай дәндері мен бидай ұнын қамтитын туралған жартылай фабрикаттарды зерттеу нәтижелері. Туралған жартылай фабрикаттар-котлеттер геродиетикалық өнімдерді жобалау принциптері бойынша жасалғаны атап өтілді. Олар толық ақуыздардың, ПҚМҚ-дар, дәрумендер мен минералдардың жеткілікті мөлшерін қамтиды. Әзірленген өнімде жануарлар ақуызының үлесі – өскен бидаймен 71%, бидай ұнымен 76%, бақылау үлгісі – 87% құрады. Нәтижелер әзірленген өнімдердің жануарлар мен өсімдік тектес ақуыздар арасындағы арақатынас талаптарына көбірек сәйкес келетіндігін көрсетті [61].

Статистикалық талдау MATLAB (MATHEMATICS, АҚШ) көмегімен жүргізілді. Өңдеу арасындағы айырмашылықтар (әртүрлі дозалар), сақтау мерзімі мен өңдеу мен сақтау мерзімінің өзара әрекеттесуі арасындағы айырмашылықтар екі жақты ANOVA көмегімен талданды, орташа мәндер арасындағы маңызды айырмашылықтар $p < 0,05$ деңгейінде белгіленді.

Екінші бөлім бойынша қорытынды

Зерттеу нысандары ретінде өсімдік шикізаты – портулак, II категориялы субөнімдер (сиыр сирақтары, жылқы сирақтары, қой сирақтары), BLT 7 протеазалық ферменттік препарат, ферментативті гидролиз арқылы алынған ақуыз гидролизаты; геродиетикалық шұжық өнімдерінің бақылау және тәжірибелік үлгілері. Зерттеу нәтижелері стандартқа сай әдістер, заманауи құрылғылар және жабдықтар қолдана отырып алынған. Алынған мәліметтерді өңдеу компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүргізілді.

3. ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ҚОЛДНАТЫН ШИКІЗАТТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ

3.1 Геродиетикалық шұжық өнімдерін өндіруге арналған өсімдік шикізатын таңдау және негіздеу

3.1.1 Геропротекторлық қасиеті бар өсімдік шикізатын таңдау негіздемесі

Бүгінгі күні өмір сүру ұзақтығының артуы жасқа байланысты аурулардың өсуіне әкелді. Бұл мәселені шешудің бір жолы – қозғалыс белсенділігі мен диетаны сақтау. Геропротекторлық қасиеттері бар тағамдардың күнделікті өмірде маңызы зор. Күнделікті геродиетикалық тамақтану үшін функционалды тамақ өнімдерін шығару.

Portulaca oleracea L. химиялық құрамын зерттеуге қызығушылық өсімдіктің ерекше биологиялық қасиеттері мен жоғары антиоксиданттық, геропротекторлық белсенділігіне байланысты. Көптеген зерттеулер егде жастағы адамдарға қажет геропротекторлардың көзі ретінде антиоксиданттық қасиеттері жоғары өсімдіктердің биопотенциалын көрсетеді.

Құрамындағы фенолдар, флавоноидтар, катиноидтар, органикалық қышқылдар май мен ақуыздың тотығуын тежейді, бос радикалдарды залалсыздандырады. Сонымен қатар, портулак жоғары қоректік және антиоксиданттық қасиеттеріне байланысты энергетикалық тағам деп аталады.

Portulaca oleracea L. қабынуға қарсы, диабетке қарсы, ісікке қарсы, гепатопротекторлық, ісікке қарсы, антиоксидантты, ұйқысыздыққа қарсы, ауырсынуды басатын, гастропротекторлық, нейропротекторлық, жараларды емдейтін және антисептикалық қасиеттеріне байланысты өте пайдалы өнім болып табылады. Портулактың көптеген артықшылықтарының арқасында оладам ағзасына өте пайдалы өнімге айналды және бүкіл әлемдегі әртүрлі ғалымдар оған болашақтың пайдалы тағамы ретінде үлкен қызығушылық танытып жатыр.

Портулак (*Portulaca oleracea*) - табиғатта егістік дақыл мен шөп ретінде кездесетін маңызды өсімдік. Портулак бүкіл әлемде кең таралған және Еуропаның, Азияның және Жерорта теңізінің көптеген аймақтарында тағамда қолданатын өсімдік ретінде танымал. Бұл өсімдікте маңызды емдік қасиеті бар шырышты заттар бар. Бұл калийдің бай көзі (494 мг/100 г), одан кейін магний (68 мг/100 г) және кальций (65 мг/100 г) және оны омега-3 май қышқылдарының өсімдік көзі ретінде пайдалануға болады. Бұл альфа-линолен қышқылының (ALA) және гамма-линолен қышқылының (LNA, 18: 3w 3) (4 мг/г шикі салмаққа) кез келген жасыл жапырақты көкөністердегі ең жоғары мөлшері. Портулактың антиоксиданттық құрамы мен тағамдық құндылығы адам тұтынуы үшін маңызды. Портулак ұнтағының химиялық құрамы 2-ші кестеде көрсетілді.

Кесте 2 – Портулак ұнтағының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Көрсеткіштер	Тағамдық құндылық	Тәулік тұтыну нормасы
Энергетикалық құндылық, ккал	20	1684
Көмірсулар, г/100г	3,4	219
Ақуыздар, г/100г	2,0	76
Майлар, г/100г	0,4	56

2-ші кестеде берілген мәліметтерге сәйкес, калория мөлшері норманың 1,2 %-ын, ақуыздар, майлар, көмірсулар сәйкесінше 2,6%, 0,7% және 1,6% құрайды.

Адамдардың жалпы салауатты өмір салтына және дұрыс тамақтануға деген ұмтылысының артуына байланысты табиғи антиоксиданттар мен оларға бай тағамдарды іздеуге ғылыми және тәжірибелік қызығушылықтың артуы байқалады. Әдеби шолудың мәліметтері бойынша, *Portulaca oleracea* L құрамында аскорбин қышқылы мен полифенолдық заттардың болуына байланысты айтарлықтай антиоксиданттық потенциалға ие.

Тотығу ет өнімдерінің сапасы мен жарамдылығын шектейтін фактор болып табылады, өйткені ол дәм, түс, құрылым және тағамдық құндылық сияқты сипаттамаларға әсер етеді. Бос радикалдар әдетте оттегінің интеграциясымен байланысты тотығу тізбегі реакцияларының бастамашылары болып табылады, ет өнімдеріндегі негізгі мақсаттар липидтер, пигменттер, ақуыздар және дәрумендер болып табылады.

Бұл тұрғыда ет өнімдерінде табиғи антиоксиданттарды қолдану синтетикалық қоспаларды тұтынуды азайтудың жақсы нұсқасы болып көрінеді, сонымен қатар адам денсаулығына пайдалы функционалды әрекеттерді жүзеге асырады.

Өсімдік шикізатының антиоксиданттық қабілетін зерттеу тамақ өнеркәсібі үшін жаңа және қауіпсіз табиғи антиоксиданттарды алуға үлкен қызығушылық тудырады.

Портулактың фитохимиялық құрамы оның антиоксиданттық әлеуетін көрсетеді және әртүрлі зерттеулер мұны әртүрлі талдаулар арқылы дәлелдеді [130,131].

Ет жүйелерінде антиоксиданттарды бағалаудың ең кең қолданылатын әдістері – TBARS, TEAC, ORAC, DPPH, FRAP және Фолин-Чиокальтеу талдауы. Идеалды талдау қарапайым болуы керек, гидрофильді де, липофильді де антиоксиданттарды анықтауы керек, радикалдардың биологиялық маңызды көзін және нақты анықталған механизмді қолдануы керек, қайталанатын

нәтижелерге қол жеткізуі керек, өнімділігі жоғары және коммерциялық қол жетімді құралдарды қолдануы керек [166]. Күрделі үлгілерді (әдетте құрамында бірнеше антиоксидант бар) сынау үшін пайдаланылған кезде жоғарыда аталған әдістердің негізгі шектеуі олардың белгілі бір затқа тән болып табылады, сондықтан жеке антиоксиданттың белсенділігін бағалау үшін бөліп алу/экстракция кезеңі қажет.


Бірнеше әдістерді қолдану бастапқы өнімнің антиоксиданттық қасиеттері туралы толық ақпарат береді, өйткені сынама дайындауда, антиоксидантты экстракцияда (еріткіш, температура және т.б.), соңғы нүктелерді таңдауда және нәтижелерді білдіруде айтарлықтай айырмашылықтар бар [167].

Портулактың антиоксиданттық белсенділігін зерттеу үшін радикалды жою белсенділігін 2 DPPH (1,1-дифенил-2-пикрилгидразил) әдісімен және темірді қалпына келтіруге негізделген FRAP әдістері таңдалды.

Бірінші кезеңде, бұл диссертациялық жұмыста *Portulaca oleracea* алдын ала кептірілген үлгілерінің антиоксиданттық потенциалын зерттеу үшін темірді қалпына келтіру қабілетін (FRAP) зерттеді.

FRAP төмен рН болған кезде темір иондарының (Fe^{3+}) темірге (Fe^{2+}) дейін тотықсыздануынан туындаған трипиридилтриазинмен көк темір кешенінің түзілуін пайдаланады. Антиоксиданттардың болуы кешенің түзілуін және көк түстің қарқындылығын төмендетеді [168].

Портулактың бірнеше бөліктері, оның жапырақтары мен сабағы, оның антиоксиданттық потенциалын темір қалпына келтіру қабілеті ретінде сынау үшін FRAP пайдаланылды. Алынған нәтижені салыстыру мақсатында ет өнеркәсібінде жиі қолданылатын негізгі өсімдік компоненттеріні шырғанақ [169] және жусанның [135] антиоксиданттық қабілетінің әдеби деректерін қолданып, салыстырмалы талдау нәтижелері көрсетілді (сурет 6).



Сурет 6 – FRAP әдісі бойынша антиоксиданттық белсенділікті зерттеу нәтижелері

Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, портулактың (*Portulaca Oleracea* L) ұнтағы күшті антиоксидантты қалпына келтіру қабілетін көрсетеді: FRAP $43,5 \pm 1,0$ мг gae/г құрғақ затқа, ал жусан (*Artemisia*) әдебиеттерде берілген бойынша антиоксиданттық белсенділік 43,8 мг GAE/г құрады. Сонымен қатар, ет өнімдерінде антиоксидант ретінде жиі қолданылатын шырғанақ (*Hipporphaë rhamnoides* L.) 7 есе аз нәтиже көрсетті.

Портулактың жоғары антиоксиданттық белсенділігі фенолдың, аскорбин қышқылының, β -каротиннің жоғары болуына байланысты. Антиоксиданттар адам денсаулығы үшін өте маңызды, өйткені олар жасушалардың бос радикалдармен зақымдану қаупін азайтады.

Портулактың антиоксиданттық потенциалын тереңірек талдау үшін құрғақ ұнтақ үлгілері DPPH радикалдарын жою әдісімен зерттелді. Антиоксиданттық белсенділікті бағалаудың бұл әдісі метанолда еріген DPPH (2,2-дифенил-1-пикрилгидразил) реакциясына негізделген CP колориметриясы болып табылады, схема бойынша АО үлгісімен [10]: $DPPH^* + AO \rightarrow DPPH-H + A^*$. АО DPPH тотықсыздануы нәтижесінде метанолдағы DPPH күлгін-көк түсі төмендейді және реакция әдеттегі спектрофотометрия әдістерімен 514 нм оптикалық тығыздықтың өзгеруімен бақыланады.


Әдеби дереккөздерде DPPH радикалдарын жою бойынша ең жоғары белсенділігі бар портулак басқа өсімдік шикізатымен салыстырғанда өте жоғары антиоксиданттық белсенділікті көрсеткені анықталды. Сыналған өсімдік сығындысында фенол қышқылының болуы бос радикалдардың азаюына әкелетін бос радикалдармен реакция ықтималдығын арттырады. Осы диссертациялық жұмыста *Portulaca oleracea* L ұнтағының антиоксиданттық белсенділігін бағалау үшін DPPH (%) радикалдарын сіңіру қабілетіне антиоксидантты талдау қолданылды (кесте 3).

Кесте 3 – Портулак ұнтағының аскорбин қышқылымен салыстырғанда бос радикалдарды жою бойынша DPPH белсенділігі

Сынамалар	DPPH радикалды жою IC50 белсенділігі (мкг/мл)
Портулак ұнтағы	756,42±92,61
Аскорбин қышқылы	80,76±4,71

Зерттеу нәтижесінде бос радикалдарды сіңіру белсенділігі (DPPH), % - 83.77 ± 0.015 құрады. DPPH және TPC радикалдарын жою белсенділігі ($R_2 = 0,782$) арасында жақсы корреляция байқалды, сонымен қатар DPPH және TFC ($R_2 = 0,996$) арасында ақылға қонымды корреляция байқалды. Эксперименттік мәліметтерден алынған нәтижелер флавоноидтардың жалпы құрамы мен әртүрлі *Portulaca oleracea* сығындыларының антиоксиданттық белсенділігі арасында корреляция коэффициенті (R_2) 0,996 арасында жақсы корреляция бар.

Салыстыру үшін жоғарыда аталған өсімдік қоспаларының DPPH радикалдарын жою үшін антиоксиданттық қабілетінің әдеби деректері де пайдаланылды (сурет 7).



Сурет 7 – DPPH әдісі бойынша антиоксиданттық белсенділікті зерттеу нәтижелері

DPPH радикалдарын жою белсенділігін зерттеу нәтижелері портулактың жоғары антиоксиданттық белсенділігін тағы да растады - 83 %.

Өсімдік компоненттерінің жалпы антиоксиданттық белсенділігі көбінесе жалпы фенолдық қосылыстармен (TPC) байланысты.

Фенолды қосылыстар негізгі адам денсаулығына пайдалы деп саналатын фитохимиялық заттар болып табылады, өйткені олар тотығу стрессін төмендету және макромолекулалық тотығуды тежеу арқылы жұқпалы емес аурулар қауіпін төмендетеді. Осылайша, адам ағзасына геропротекторлық әсер етеді.

Портулак құрамындағы фенолдық қосылыстарды зерттеу нәтижелері 4-ші кестеде келтірілген.

Кесте 4 – Портулак құрамындағы фенолдық қосылыстардың мөлшері

Үлгілер атаулары	Фенолдық қосылыстарының концентрация мг GAE /г
Портулак ұнтағы	16,88 ± 0,39 *

*Мәндер орташа түрде берілген ± SD (n=5)

Өсімдіктің қайталама метаболиттері ретінде антиоксиданттық белсенділігіне сүйене отырып, тотығу-белсенді металл иондарын хелаттау, майлардың бос радикал тізбектерін инактивациялау және гидропероксидтің белсенді ОН-радикалдарға айналуын болдырмау арқылы фенолдар немесе полифенолдар өте маңызды орын алады. Галл қышқылының эквиваленттерінде

көрсетілген сығындылардағы фенолдардың жалпы мөлшері *Portulaca oleracea* L метанол сығындысы үшін 16,49-17,27 мг GAE/г аралығында болды.

TPC-ге келетін болсақ, портулак ұнтағында жоғары мәндерді көрсетті.

Флавоноидтар антиоксидантты, қабынуға қарсы, ісікке қарсы, вирусқа қарсы және бактерияға қарсы белсенділігіне байланысты адам ағзасында әртүрлі биологиялық рөл атқаратыны белгілі.

Әдеби шолуға сәйкес [131] портулактан апигенин, кемпферол, лютеолин, кверцетин, изорамнетин, кемпферол-3-О-глюкозид және рутин сияқты бірнеше флавоноидтар окшауланған. Флавоноидтар, сонымен қатар, коронарлық ауруларға қарсы қорғаныс рөлін атқарады және тамырлардың белсендірілуіне ықпал етеді. Өсімдік флавоноидтары – тамыр, сабақ, гүл және жеміс сияқты өсімдіктің әртүрлі бөліктерінде кездесетін табиғи фенолдардың үлкен тобы. Бес флавоноид анықталды [170], атап айтқанда, кемпферол, апигенин, мирицетин, кверцетин және лютеолин.

Сондықтан зерттеудің келесі кезеңінде портулак үлгісіндегі флавоноидтардың жалпы құрамы бағаланды. Зерттеу деректері 5–ші кестеде келтірілген.

Кесте 5 – Портулак құрамындағы жалпы флавоноидтардың мөлшері

Үлгілер атаулары	Құрғақ ұнтақтың TFC концентрация мг рутин/г
Портулак ұнтағы	26,33±0,97*
*Мәндер орташа түрде берілген ± SD (n=5)	

Флавоноидтардың жалпы саны 25,36-дан 27,3-ке дейін өзгертін құрғақ үлгідегі г/мг рутиннің эквиваленттерімен көрсетілген. Анықталған флавоноид мөлшері басқа әдебиеттерде берілген нәтижелермен салыстырылып дәлелденді [152]. Құрамында фенолдық қосылыстармен қатар, флавоноидтар да көп мөлшерде болатындығы анық көрсетілді.

Флавоноидтарға бай өсімдіктер антиоксиданттардың жақсы көзі бола алады, бұл адам ағзасының жалпы антиоксиданттық қабілетін арттыруға және майлардың асқын тотығуынан қорғауға көмектеседі.

Әдеби шолудың нәтижелері бойынша портулакта β-каротин мен α-токоферолдың көп мөлшері бар екендігі анықталды. Антиоксидант молекулаларының болуы портулактың тотығу стрессін жеңуге көмектесетінін көрсетеді. Бірқатар маңызды қоректік компоненттердің болуына байланысты қарапайым портулак маңызды өсімдік болып табылады және жоғары қоректік әлеуетке ие.

Зерттеудің келесі кезеңінде портулак үлгісіндегі каротиноидтардың жалпы құрамы бағаланды. Зерттеу нәтижелері 6-шы кесте де келтірілген.

Кесте 6 – Портулактағы жалпы каротиноидтардың (ТСС) мөлшері

Үлгілер атаулары	Жалпы каротиноидтардың (ТСС) концентрациясы мг /г
Портулак ұнтағы	4,33±0,57*
*Мәндер орташа түрде берілген ± SD (n=5)	

Портулак ұнтағында каротиноидтардың жеткілікті жоғары мөлшері байқалды – ТСС концентрациясы 4,33±0,57 в мг/г құрғақ ұнтақта. Антиоксиданттық қасиеттерінің арқасында каротиноидтар қатерлі ісік, жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті және остеопороз сияқты созылмалы аурулардың алдын алу мақсатында ерекше назар аударады.

Әдебиеттерге сәйкес, *Portulaca oleracea* L. өсімдік құрамында маңызды май қышқылдары бар [132], зерттелетін өсімдік шикізатының май кешені құрамы туралы зерттеу жүргізілді. Портулак полиқаньқпаған май қышқылдарына (ПҚМҚ) бай және әсіресе адам денсаулығына қажет омега-3 (α-линолен қышқылы) және омега-6 (линол қышқылы) май қышқылдарымен танымал. Портулак өсімдігінің әртүрлі бөліктерінен бірқатар май қышқылдары бөлініп алынып, зерттелді. Зерттеулер нәтижелері бойынша, портулак құрамында май қышқылдарының жалпы мөлшері жоғары. Дұрыс тамақтану рационасында омега-3/омега-6 қатынасы жоғары тағамдармен байыту ұсынылады.

Портулак үлгілерінің май қышқылдық құрамын талдау нәтижелері 7-ші кестеде берілген.

Кесте 7 – Портулактың май қышқылды құрамы, %

Омега-3 май қышқылдары	Массалылық үлесі, %	Ауытқулар
Линолен қышқылы C18:3	26,7	±2,1
Тимнодон қышқылы C20:5	1,2	±0,4
Омега-6 май қышқылдары		
Линол қышқылы C18:2	12,8	±2,1
Моноқаньқпаған май қышқылдары		
Эрук қышқылы C22:1	10,6	±2,1
Нервон қышқылы C24 :1	13,5	±2,1
Олеин қышқылы C18:1	7,1	±2,1
Пальмитолеин қышқылы C16:1	1,9	±0,4
Қаныққан май қышқылдары		
Пальмитин қышқылы C16:0	21,7	±2,1
Стеарин қышқылы C18:0	4,5	±0,4

Зерттеудің бұл аспектісінде омега-3/омега-6 қатынасы мен құрамы үлкен қызығушылық тудырды. 7-ші кестеде омега-3/омега-6 және басқа да бөлінген қаныққан және моноқанықпаған май қышқылдардың құрамы көрсетілген.

Моноқанықпаған қышқылдардың мөлшері 33,1%, қаныққан қышқылдары 26,2 % құрады. Май қышқылдарының 40%-дан астамы линолен, тимнодон, линол қышқылдары болды, олар өсімдік тектес омега-3 және омега-6 қышқылдарының қатарына жатады.

Портулак омега-3 май қышқылдарының ең бай жасыл өсімдік көздерінің бірі болып табылады. Портулакта маңызды май қышқылдарының болуы вегандар мен вегетариандықтар үшін өте пайдалы, олардың рационында әдетте маңызды омега-3 май қышқылдары жетіспейді, сондықтан бірнеше зерттеулерде омега-3 май қышқылдарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін вегетариандық және вегандық диеталарды портулакпен байыту ұсынылды.

Портулак құрамындағы табиғи шыққан омега-3 май қышқылдарының арқасында қатерлі ісік пен жүрек ауруының даму жылдамдығын төмендетеді [171]. Портулакта альфа-линолен қышқылының басқа кез-келген жапырақты жасыл көкөніспен салыстырғанда адамның тамақтануы үшін қажет омега-3 май қышқылының ең жоғары мөлшері бар. 100 г портулакта 300-400 мг альфа-линолен қышқылы бар (C18:3,w3). Сондай-ақ, портулак линол қышқылының бай көзі болып табылады (18:2, w3).

Геродиетикалық бағыттағы тағамдарда өсімдік шикізатын пайдалану үшін антиоксиданттық қасиеттерден басқа, дайын өнімді минералдар мен дәрумендер сияқты барлық қажетті қоректік заттармен байыту үшін қоректік қасиеттер де маңызды.

Егде жастағы адамдардың денсаулығы үшін әртүрлі дәрумендердің қалыпты мөлшері қажет, бірақ олардың кейбіреулеріне ерекше назар аудару керек, мұндай дәрумендерге С, Е, В1, В6, А жатады. Майда еритін А және Е дәрумендері антиоксиданттық қабілетке ие. Е дәрумені терінің, иммундық жүйенің және жүрек-қан тамыр жүйесінің денсаулығын қолдайды, ұзақ өмір сүруге және белсенді өмір салтына ықпал етеді. Дәрумендер ағзада тағамды сіңіру, жасушалардың өсуі мен қалпына келуі үшін белсенді қатысады. Дәрумендердің көпшілігі ағзада синтезделмейді, бірақ өсімдік және жануар тектес өнімдермен бірге келеді. Дұрыс тамақтанбау нәтижесінде егде жастағы адамдарда әртүрлі қоректік заттардың жетіспеушілігімен байланысты бірқатар аурулар дамуы мүмкін

Қартайған кезде минералды элементтер мен суға деген қажеттілік айтарлықтай өзгермейді. Қарт және егде жастағы адамдарға арналған тамақ өнімдерінде натрий, мыс, темір, кальций, мырыш және марганец сияқты кейбір минералды элементтерге көбірек назар аудару керек. Өйткені осы минералдар қарт адамдардың тірек-қимыл, иммундық, жүйке, қан-тамырлар жүйелерінің жақсы қызмет атқаруына ықпал етеді.

Портулақтағы негізгі қоректік компоненттер химиялық құрамын зерттеу барысында анықталды, анықталған заттардың мөлшері 8-ші кестеде берілген.

Кесте 8 – Портулақтың химиялық құрамы

Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Зерттеу нәтижелері
Майдың массалық үлесі	%	3.5±0.5
Азот	%	2.66±0.05
Дәрумендер:		
В1	мг/100г	0.06±0.01
В2	мг/100г	0.13±0.05
В3(РР)	мг/100г	0.64±0.13
В5	мг/100г	0.05±0.01
В6	мг/100г	0.06±0.02
В9	мг/100г	менее 10.0
С	мг/100г	20.06±4.61
А	мкг/100г	менее 10.0
Е	мг/100г	2,5±0.22
Минералдар:		
Кальций	мг/100 г	765.616±266.369
Калий	мг/100 г	4643.349±764.154
Натрий	мг/100 г	298.830±74.904
Магний	мг/100 г	1595.410±312.171
Мырыш	мг/100 г	6.466±1.316
Темір	мг/100 г	530.965±105.676
Марганец	мг/100 г	12.545±3.871
Селен	мг/100 г	0.0907±0.0280
Фосфор	мг/100 г	376.0±22.0

Зерттеу нәтижелері бойынша минералдардан едәуір мөлшерде натрий, кальций, фосфор, калий, магний, темір, мырыш, марганец, дәрумендерден В1, В2, В6, В9, РР , токоферолдар мен А дәрумені бар.

Портулақтың химиялық құрамын зерттеу халықаралық ФАО/ДДСҰ - да бекітілген тәуліктік ұсынылатын дозамен салыстырғанда, егер оны дұрыс тамақтануда қолданса, оның пайдалы қасиеттері, дәрумендер мен минералдардың балама, арзан және қол жетімді көзі болып табылатындығын көрсетті.

3.1.2 Өсімдік шикізатының геродиетикалық шұжық өнімдеріне әсерін зерттеу

Геродиетикалық бағыттағы өнімдерді өндіруде негізгі және қосымша шикізаттың, тағамдық ингредиенттер мен байытатын композициялардың сапасы маңызды рөл атқарады, бұл геродиетикалық өнімдердің беретін әсерін жиынтық түрде анықтайды. Сонымен қатар, олардың тиісті технологиялық операциялар параметрлеріне әсер ететін сипаттамалары ерекше маңызды. Геродиетикалық өнімдер үшін жасанды химиялық тағамдық қоспаларды енгізу қажет емес, өйткені егде жастағы адамның иммундық және ферменттік жүйелерінің әлсіз болуы бөгде заттарды жоюға және қарсы тұру қабілетін төмендетеді [172].

Бұл геродиетикалық өнімдердің ассортиментін кеңейтуге, химиялық құрамы бойынша теңдестірілген және егде жастағы ағзаның қажеттіліктеріне сәйкес келетін функционалды өнімдердің жаңа мамандандырылған тобын құруға, өсімдік шикізатын қосу арқылы синтетикалық антиоксиданттарды пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

Геродиетикалық өнімдерді байыту үшін қосымша шикізат ретінде құрғақ портулак ұнтағы қолданылады.

Геродиетикалық шұжық өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін зерттеу үшін МЕМСТ 23670 - 2019 «Пісірілген шұжық өнімдері» бойынша негізгі ет шикізатын 1%, 2% мөлшерінде құрғақ портулак ұнтағына алмастыра отырып, тәжірибелік үлгілер өндірілді. Қолданылатын портулак ұнтағының мөлшері тамақ өнеркәсібінде өсімдік ұнтақтарын қолдану туралы мәліметтер негізінде таңдалады.

Тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың массалық үлесі сияқты негізгі көрсеткіштер анықталды. Химиялық құрамын зерттеу нәтижелері 9-шы кестеде берілген.

Кесте 9 – Тәжірибелік үлгілердің химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау МЕМСТ 23670 - 2019 «Пісірілген шұжық өнімдері»	Тәжірибе 1 Портулак мөлшері 1%	Тәжірибе 2 Портулак мөлшері 2%
Ылғалдылық	63,5±0,5	65,56±0,5	66,87±0,2
Ақуыз, %	16,85±0,3	16,12±0,05	15,72±0,10
Май, %	14,0±0,5	13,12±0,05	12,05±0,5
Көмірсу, %	3,0±0,05	3,23±0,05	3,52±0,5


Зерттеу нәтижелері портулак ұнтағының дайын өнімге оң әсерін көрсетеді. Тәжірибелік үлгілердің органолептикалық бағалауы портулак ұнтағы мен ет шикізатының оңтайлы қатынасы 1:100 екенін көрсетті. Портулак ұнтағын 1% мөлшерінде қосқанда, үлгілердің сенсорлық көрсеткіштеріне оң әсер етеді. Портулак ұнтағын 2% қосқанда, үлгілерде портулакқа тән дәм пайда болды, өнімдер сұр-қоңыр түске ие болады (сурет 8).



Сурет 8 – Сенсорлық бағалау профилограммасы


9-шы кестеде сәйкес портулак ұнтағы 1% мөлшерінде қосылған «Тәжірибе 1» көріп тұрғандай, ақуыздың массалық үлесі ($16,12 \pm 0,05\%$) болды, бұл және «Тәжірибе 2» ($15,72 \pm 0,10\%$) асып түседі, бірақ бақылау үлгісінен ($16,85 \pm 0,3\%$) төмен. Майдың массалық үлесі бойынша «Тәжірибе 1» ($13,12 \pm 0,05\%$) құрады, сонымен бірге «Тәжірибе 2» және бақылау майдың массалық үлесі ($12,05 \pm 0,5\%$) және ($14,0 \pm 0,5\%$) сәйкесінше ие, жалпы айырмашылықтарды шамалы деп атап өтуге болады. Бақылау үлгісімен ($3,0 \pm 0,05\%$) салыстырғанда көмірсулардың массалық үлесі бойынша «Тәжірибе 1» ($3,23 \pm 0,05\%$) және «Тәжірибе 2» ($3,52 \pm 0,5\%$) бақылау үлгімен салыстырғанда тиімді ерекшелінеді.

Шұжық өнімдері үшін маңызды көрсеткіштердің бірі - ылғал байланыстырғыш қабілеті (ЫБК) көрсеткішінің мәні, дайын өнімнің сапасы осы көрсеткішке байланысты және өнімнің функционалды-технологиялық қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Дайын өнімнің консистенциясы мен жоғары шығымы ылғал байланыстырғыш қабілетінің жоғары болуына байланысты. Портулак ұнтағының 1% және 2% қосылып, «Тәжірибе 1» және «Тәжірибе 2» сәйкесінше жасалған өнімдердің ылғал байланыстырғыш қабілеті 9, 10-шы суретте берілді.



Сурет 9 – Тәжірибелік үлгілердің ЫБҚ-інің өзгеру динамикасы, %

Зерттелген үлгілердің ішінде ЫБҚ-інің ең жоғары көрсеткіші «Тәжірибе 1» ($75,51 \pm 2,13\%$), «Тәжірибе 2» үшін ұқсас көрсеткіш ($74,51 \pm 0,05\%$) байқалды және бақылау үлгісі үшін ЫБҚ-інің көрсеткіші ($73,12 \pm 2,05\%$) болды.



Сурет 10 – Тәжірибелік үлгілердің құрамындағы Е дәруменінің мөлшері, мг/100г

Е дәрумені концентрациясының өсу динамикасын атап өткен жөн, оның мөлшері қосылған құрғақ портулак сығындысының өсуіне пропорционалды болып келеді. Шұжық өнімдерін өндіруде антиоксиданттарды (мысалы, селен, Е, А дәрумендері) енгізу майдың тотығу процесін тежейтіні белгілі. Осылайша, антиоксидантты әсер ететін Е дәрумені мөлшерінің жоғарылауы дайын өнімнің сақтау мерзімін ұзартуға және оның тез бұзылмауына ықпал етеді.

Жалпы, өсімдік шикізатының салыстырмалы түрде аз мөлшерін қосу ет өнімдерінің тәжірибелік үлгілерінің көрсеткіштеріне жағымды әсер еткенін атап өткен жөн. Атап айтқанда, жануартектес өнімдерде заттардың осы тобының болмауын ескере отырып, көмірсулардың массалық үлесінің жоғары болатынын атап өткен жөн.

Шұжық өнімдері үшін аса маңызды көрсеткіш ЫБҚ-іне ерекше назар аудару керек. Зерттеу нәтижелерінен байқауға болатындай, бұл көрсеткіш

портулак ұнтағы қосылған мөлшері артқан сайын жоғарылай түсетінін көрсетті.ЫБҚ шұжық өнімдерінің технологиялық қасиеттерін жақсартады, әсіресе нәзіктік, шырындылық, тұтастай алғанда, шұжықтың органолептикалық көрсеткіштеріне оң әсер етеді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде оңтайлы үлгі ретінде - 1% мөлшерінде портулак ұнтағы қосылған «Тәжірибе 1» үлгісі алынды.

Дайын өнімнің қауіпсіздігін бағалау үшін 1 г өнімге вегетативті аэробты және факультативті анаэробты микроорганизмдердің санын анықтау үшін оңтайлы деп таңдап алынған «Тәжірибе 1» үлгісінің микробиологиялық талдауы жүргізілді. Талдау "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті" жанындағы "Нұр-сұлтан қаласындағы Республикалық ветеринариялық зертхана"ШЖҚ РМК зертханаларында жүргізілді. Бақылау және тәжірибелік үлгілері салыстырмалы ылғалдылығы 85% 5°C температурада 7 күн сақтағаннан кейін зерттелді. Зерттеу нәтижелері 10-шы кестеде берілген.

Кесте 10 – Тәжірибелік үлгілердің микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Бақылау	Тәжірибе 1
Мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроорганизмдердің саны 1 г-да	$1 \cdot 10^2$	$1 \cdot 10^1$

Зерттеу нәтижелері үлгілер микроорганизмдерінің өсу саны өсімдік шикізатын қолдануға байланысты өзгертінін көрсетті, алынған нәтижелерді портулактың антиоксиданттық қасиетімен байланытыруға болады.

Дайын өнімнің тәжірибелік үлгілерін зерттеуді қорытындылай келе, тәжірибелік үлгілер бақылау үлгісімен салыстырғанда бірқатар жақсартуларды атап өтуге болады. Портулак ұнтағы қосылған өнім Е дәрумені концентрациясының ұлғаюына байланысты жоғары тағамдық құндылыққа ие.

3.2 Геродиетикалық шұжық өндірісінде ақуыз гидролизатын қолдану мүмкіндігін негіздеу

3.2.1 II категориялы түкті субөнімдерінің химиялық құрамын анықтау

Қазіргі уақытта әлемде байқалған ақуыз тапшылығы оның жаңа көздерін іздеуді талап етеді. Бағалы азық-түлік өнімдерін өндіруді ұлғайту үшін ет өнеркәсібінде үлкен резервтер бар. Диссертациялық жұмыста таңдалған зерттеу объектісі – малды сою және өңдеуден алынған құндылығы төмен өнімдер – ақуыздың жеткілікті мөлшері және ақуыз гидролизаттарын алуға қажетті басқа

да бірқатар қасиеттерге ие.

Әдебиеттік және патенттік іздестіру нәтижесінде екіншілік ет шикізатынан алынған биологиялық белсенді ингредиенттермен байытылған геродиетикалық ет өнімдерінің технологиясын жасау мақсатында: сирақтар (сиыр, қой, жылқы) зерттелді.

Төменгі функционалдық және технологиялық қасиеттеріне байланысты сирақтар ет өнеркәсібінде қазіргі уақытта толық және ұтымды пайдаланылмайды. Дегенмен, олардың ет өнеркәсіптерінде жеткілікті мөлшерде қолданусыз қалатынын және жоғары диеталық функционалдығын ескере отырып, оларды арнайы бағыттағы, оның ішінде геродиетикалық тамақтану өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдалану ең қолайлы болып табылады. Субөнімдердің ұша массасына салыстырмалы шығымы 11-ші кестеде берілген.

Кесте 11 – Субөнімдердің ұша массасына шығымы

Атауы	ШЫҒЫМ, %		
	ІҚМ	Қой	Жылқы
Субөнімдер, оның ішінде сирақтар	24,0±0,90 3,37±0,07	17,2±0,7 3,6 ±0,05	22,4±0,9 3,59±0,05

Кестеде субөнімдердің жалпы санынан шығымы ірі қара малда – 3,37%, қойда – 3,6%, жылқыда – 3,67% құрайды. Тағамдық құндылығы жоғары субөнімдерді шұжық, паста, консерві, желе өндірісінде қолдануға болады.

Ақуыздардың сандық құрамы бойынша түкті субөнімдер еттен кем түспейді. Сондықтан әртүрлі биологиялық белсенді заттарды өндіруде олар ақуыздардың құнды көзі бола алады (кесте 12).


Кесте 12 - Түкті субөнімдерінің химиялық құрамы және энергетикалық құндылығы

Атауы	Құрамы				Энергетикалық құндылық, Ккал
	Ылғалдылығы, %	Ақуыз, %	Май, %	Күл, %	
Қой сирақтары	64,6±0,40	27,2±0,10	7,8±0,2	0,8±0,02	168,7
Жылқы сирақтары	68,3±0,40	26,7±0,14	3,8±0,2	1,2±0,02	139,4
Сиыр сирақтары	65,7±0,40	26,7±0,11	6,5±0,2	1,2±0,03	161,3
Шошқа сирақтары [173]	55,5±0,60	22,2±0,10	21,45±0,2	0,8±0,02	281,85

Түкті субөнімдерінің химиялық құрамын талдау нәтижесінде қой сирақтарында ақуыз мөлшері 27,10-27,30% болса, жылқы және сиыр сирақтарында ақуыз мөлшері бірдей деңгейде 26,56-26,84% құрады. Бұл қой, жылқы және сиыр сирақтарын ақуыз гидролизаттарын алу үшін шикізат ретінде қолдануға болатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ақуыз гидролизаттарын өндірудегі маңызды көрсеткіштердің бірі болып шикізат құрамындағы май мөлшері болып табылады, өйткені оның мөлшері 15-20% жоғары болса, кептіру процесін қиындатады және сақтау мерзімін қысқартады. Зерттеу нәтижелері жылқы, қой және сиыр сирақтары ақуыздар мөлшерінің массалық үлесі жоғары болуымен қатар салыстырмалы түрде майлылық мөлшерінің төмен екендігін көрсетті. Сонымен, жылқы сирақтарының құрамында 3,8%, сиырдікінде 6,5%, қойдікінде 7,8%, шошқа сирақтарында 21,45% мөлшерде май бар. Бұл дегеніміз, зерттелген үлгілердегі май мөлшерінің төмендігі сапасы жоғары ақуыз гидролизатын алуға, сонымен қатар оны геродиетикалық өнім жасауда қоспа ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Түкті субөнімдер ақуыздарының аминқышқылдық құрамын зерттеуге арналған мәліметтер келтірілген (сурет 11).



Сурет 11 –Түкті субөнімдер ақуыздарының амин қышқылды құрамы, г/100 г ақуыз

Зерттеу нәтижелері түкті субөнімдердің құрамында глициннің, аланиннің, глутамин қышқылының, сериннің, сондай-ақ пролиннің жоғары мөлшерін көрсетеді, яғни бұл негізінен коллагеннің құрамында кездесетін амин қышқылдар.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер екіншілік шикізаттың геродиетикалық ет өнімдерінің өндірісінде қолдануға жоғары перспективалы және барлық алғышарттарға ие.

3.2.2 Ақуыз гидролизаттарын ферменттік өңдеу арқылы алу және оның қасиеттерін зерттеу

Геродиетикалық ет өнімдерінің қолданыстағы технологияларын талдау нәтижесінде құрамында коллагені бар шикізатты пайдалану үшін екіншілік өнімдерді алдын ала өңдеу қажет. Өңдеу нұсқаларының бірі етті сүйек шикізатының гидролизі болып табылады. Етті сүйек шикізатын гидролиздеу кезінде негізгі критерийлердің бірі майлылығы болып табылады, майдың мөлшері 15-20% болғанда ақуыз гидролизаттарын алу процесі қиындайды.

Сүйектерден майсыздандырудың кең таралған әдістерінің бірі - термиялық өңдеу. Шикізатты қыздыру ақуыздарды денатурациялайды, сүйектен майдың алынуын жеңілдетеді.

Тәжірибелік зерттеулерді жүргізген кезде жылқы, сиыр, қой сирақтары 0-6°C температурада сақтайды және сүйектерден тазартылғаннан кейін 8 сағаттан кешіктірмей майсыздандыруға беріледі. Қажет болған жағдайда бұл екіншілік өнімдерді -18°C температурада екі айдан аспайтын мерзімде сақтауға болады.

Шикізатты дайындаудың ерекшеліктерін ескеріп, технологиялық процесс өңделіп, ақуыз гидролизатын алудың технологиялық схемасы ұсынылды.

Тәжірибелік зерттеулер үшін сиыр, жылқы және қой сирақтары аяқтарының үлгілері таңдалды.

Сирақтарды гидролиздеу мақсатында ферменттік препаратты таңдаудың оңтайлы критерийлері ретінде құрамында коллаген бар шикізат ерітінділерінің диапазонына сәйкес келетін белсенділікті (рН 7-9) көрсету үшін рН мәні анықталды. *Bacillus licheniformis* ферменттік препаратты қолдану нұсқаулығына сәйкес отандық өндірілген BLT 7 (*Bacillus licheniformis*) протеолитикалық фермент пен коммерциялық протеаза *Bacillus licheniformis* оңтайлы рН мәні - 7,5. Екі ферменттік препарат үшін де температуралық оптимум 45 °С құрайды.

Ферменттік препараттардың дәнекер ұлпа шикізатының әсерін зерттеу үшін ет өңдеу кәсіпорындарында қолданатын етті сүйек субөнімдерін өңдеудің дәстүрлі технологиясы бойынша өңделген сиыр, жылқы және қой сирақтарын пайдалану арқылы жүргізілді.

Сирақтарды таспа арамен ені 15-20 мм, салмағы 80-100 г дискілерге кеседі.

Әдеби деректер негізінде ақуыздардың ферментативтік гидролиз реакциясы сулы ортада жүретіндіктен, бұл диссертациялық жұмыста етті сүйек шикізатын ылғалды әдіспен майсыздандырудың шешімі қабылданды.

100 г сираққа 200 мл дистилденген су қосып, суспензияны 40-45 минут бойы 60-65 °С температурада қыздырды. Шыққан май бөлініп алынды. Майсыздандырылған сүйектер бөлініп, етті бөлігі ферментациялау контейнеріне жіберілді.

Белгілі болғандай, ақуыз субстраттарының тиімді гидролизін жүргізу үшін ферменттердің оңтайлы концентрациясын дұрыс таңдау қажет. Сондықтан, ары қарай фермент мөлшерін анықтау үшін әдебиет деректеріне сүйене отырып, екі фермент мөлшері таңдалды: 1%, 5% BLT 7 (*Bacillus licheniformis*) ферментімен және *Bacillus licheniformis* коммерциялық протеаза (бұдан әрі - PS).

Сирақ шикізатынан алынған үлгілердің 6 данасы 3 сағат, 24, 36 және 48 сағаттан кейін екі мәрте зерттелді.

Үлгілердің атауы:

1. Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (бақылау теріс үлгі K⁻, 150 rpm Climo-Shaker ISF1-X)

2. Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (бақылау теріс үлгі K⁺, 150 rpm Climo-Shaker ISF1-X, 0,1% коммерциялық Protease from *Bacillus licheniformis* ферментімен (ары қарай PS) өңделген)

3. №1 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (тәжірибелік үлгі, 1%-дық BLT 7 ферментімен өңделген, шейкерленмеген)

4. №2 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (тәжірибелік үлгі, 1%-дық BLT 7 ферментімен өңделген, 150 rpm Climo-Shaker ISF1-X)

5. №3 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (тәжірибелік үлгі, 5%-дық BLT 7 ферментімен өңделген, шейкерленмеген)

6. №4 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері 1:1:1 қатынаста (тәжірибелік үлгі, 5%-дық BLT 7 ферментімен өңделген, 150 rpm Climo-Shaker ISF1-X)

Ферменттік гидролиз 45°С температурада 48 сағат бойы жүргізілді.

Бақылау және тәжірибелік үлгілердің құрғақ зат массасын зерттеу нәтижелері 13-ші кестеде берілген.

Әдістің мәні өнімнің үлгісінен ылғалдың буланып бөлінуі болып табылады. Кептіруден кейінгі массаның жоғалуы буланған ылғал деп саналады. Ферменттік гидролизді 45°С температурада 3, 24, 36, 48 сағат жүргізеді.

Кесте 13 – Сиыр, жылқы, қой сирақтарының құрамындағы құрғақ зат массасын зерттеу

№	Үлгілер атаулары	Шикізатты ферментациялау ұзақтығы (3 сағ)		Шикізатты ферментациялау ұзақтығы (24 сағ)		Шикізатты ферментациялау ұзақтығы (36сағ)		Шикізатты ферментациялау ұзақтығы (48 сағ)	
		Құрғақ зат массасы	Құрғақ заттың орташа массасы	Құрғақ зат массасы	Құрғақ заттың орташа массасы	Құрғақ зат массасы	Құрғақ заттың орташа массасы	Құрғақ зат массасы	Құрғақ заттың орташа массасы
1	Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (бақылау теріс үлгі К ⁻ , 150 грm Climo-Shaker ISF1-X)	мс.в.1=0,0174 g мс.в.2=0,021 g	m=0,0192 g	мс.в.1=0,0659 g мс.в.2=0,089 g	m=0,07745 g	мс.в.1=0,0777 g мс.в.2=0,0749 g	m=0,0763 g	мс.в.1=0,0915 g мс.в.2=0,0876 g	m=0,1791 g
2	Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (бақылау теріс үлгі К ⁺ , 150 грm Climo-Shaker ISF1-X, 0,1% PS өңделген)	мс.в.3=0,0263 g мс.в.4=0,0667 g	m=0,0649 g	мс.в.3=0,0689 g мс.в.4=0,1226 g	m=0,096 g	мс.в.3=0,0892 g мс.в.4=0,089 g	m=0,0891 g	мс.в.3=0,1104 g мс.в.4=0,0927 g	m=0,1016 g
3	№1 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (тәжірибелік үлгі, 1% BLT 7 ферментімен өңделген, шейкерленмеген)	мс.в.5=0,0297 g мс.в.6=0,0337 g	m=0,0317 g	мс.в.5=0,0739 g мс.в.6=0,0089 g	m=0,0414 g	мс.в.5=0,0641 g мс.в.6=0,0632 g	m=0,0637 g	мс.в.5=0,0875 g мс.в.6=0,0922 g	m=0,0899 g
4	№2 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (тәжірибелік үлгі, 1% BLT 7 ферментімен өңделген, 150 грm Climo-Shaker ISF1-X)	мс.в.7=0,0338 g мс.в.8=0,0352 g	m=0,0345 g	мс.в.7=0,0847 g мс.в.8=0,0954 g	m=0,09 g	мс.в.7=0,067 g мс.в.8=0,0699 g	m=0,0685 g	мс.в.7=0,078 g мс.в.8=0,0815 g	m=0,0798 g
5	№3 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (тәжірибелік үлгі, 5% BLT 7 ферментімен өңделген, шейкерленмеген)	мс.в.9=0,0326 g мс.в.10=0,034 g	m=0,03345 g	мс.в.9=0,0696 g мс.в.10=0,067 g	m=0,0685 g	мс.в.9=0,0692 g мс.в.10=0,0691 g	m=0,0692 g	мс.в.9=0,0773 g мс.в.10=0,0791 g	m=0,0782 g
6	№4 Сиыр, қой, жылқы сирақтарының үлгілері (тәжірибелік үлгі, 5% BLT 7 ферментімен өңделген, 150 грm Climo-Shaker ISF1-X)	мс.в.11=0,042 g мс.в.12=0,044 g	m=0,0429 g	мс.в.11=0,0928 g мс.в.12=0,0972 g	m=0,095 g	мс.в.11=0,075 g мс.в.12=0,074 g	m=0,0745 g	мс.в.11=0,0805 g мс.в.12=0,0783 g	m=0,0794 g

Құрғақ заттарды анықтау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері ферментпен өңдегеннен кейін зерттелетін үлгілерде уақыт өте келе құрғақ заттар мөлшерінің ауытқуы байқалатынын көрсетеді.

Мысалы, 0,1% PS ферментімен өңдеуден кейін 3 сағаттан кейін құрғақ заттың мөлшері 0,0649; 24 сағаттан кейін – 0,096; 48 сағаттан кейін – 0,1016 г. Сирақтар № 2 тәжірибелік үлгілер 1% BLT 7 ферментімен өңделгеннен 3 сағаттан кейін - 0,0345г, 24 сағаттан кейін - 0,09 г, 48 сағаттан кейін -0,0798 г. № 4 тәжірибелік үлгілер (5% BLT 7 ферментімен өңделген үлгі, 150 айн/мин Climo-Shaker ISF1-X) 3 сағаттан кейін - 0,0429 г, 24 сағаттан кейін - 0,095, 48 сағаттан кейін - 0,0794 г.

Түкті субөнімдер ақуыздарының максималды ыдырау дәрежесін анықтау үшін ферментативті гидролизді 3 сағаттан 48 сағатқа дейін ұзақтықта жүргізілді.

Түкті субөнімдерден алынған ақуыздың ыдырауының максималды дәрежесін анықтау үшін ферментативті гидролиздің әртүрлі ұзақтығында тәжірибелер жүргізілді.

14-ші кестеде жалпы және аминдік азоттың жинақталу нәтижелері, гидролиздің ұзақтығына байланысты гидролиз дәрежесі көрсетілген.

Кесте 14 – Ферменттік гидролиз ұзақтығының жалпы азот, аминді азот, гидролиз дәрежесіне әсері

Көрсеткіштер	t, °C	pH	Жалпы азот, мг/%	Аминді азот, мг/%	Гидролиз дәрежесі, %	Жалпы азот, мг/%	Аминді азот, мг/%	Гидролиз дәрежесі, %
			3 сағ			24 сағ		
Бақылау	45	7,5	163	13	8,7	207	32	18,2
0,1 PS	45	7,5	868	235	37,1	1138	493	76,3
1% BLT7	45	7,5	907	265	41,2	1200	535	80,4
5% BLT7	45	7,5	972	294	45,2	1204	538	80,8
Көрсеткіштер	t, °C	pH	36 сағ			48 сағ		
Бақылау	45	7,5	234	34	17	276	36	15
0,1 PS	45	7,5	1280	512	65,4	1384	520	60,2
1% BLT7	45	7,5	1331	542	68,7	1430	546	61,8
5% BLT7	45	7,5	1330	548	70,1	1425	551	63

Осылайша, гидролиздің максималды дәрежесі анықталды, құрғақ ақуыз гидролизатының ең жоғары өнімділігіне 45°C температурада және гидролиздің ұзақтығы 24 сағатта қол жеткізілді.


Зерттеу нәтижесінде 1%, 5% BLT 7 ферментімен және Protease from *Bacillus licheniformis* (PS) коммерциялық протеазымен өңделген барлық үлгілер 24 сағаттан кейін ақуыз гидролизіне қол жеткізді. Гидролиз уақытын 24

сағаттан ұлғайтқанда және BLT 7 мөлшері 5%-дан асқан үлгілерде бөгде иіс пайда болды. Осылайша, бірқатар тәжірибелер нәтижесінде ақуыз гидролизатын алу үшін фермент ретінде 1% BLT 7 таңдалды.

Гидролиз процесі аяқталғаннан кейін ферменттерді инактивациялау және қалдық ақуызды термокоагуляциялау үшін субстрат $95\pm 2^{\circ}\text{C}$ температураға дейін 30 минут бойы қыздырылды.

Алынған ақуыз гидролизаты сүзіледі және кептіруге жіберіледі. Гидролизат Spray Dryer NSP-1500 бүріккіш кептіру қондырғысы арқылы кептірілді.

Органолептикалық зерттеулер сирақтардан алынған ақуыз гидролизатының оң тұтынушылық қасиеттерін көрсетті. Біртекті массадағы гигроскопиялық ұнтақ, жағымды ашық түсті, шикізатқа тән аздап байқалатын иісі бар.



Сурет 12– Сирақтан алынған ақуыз гидролизаты

Ақуыз гидролизатының органолептикалық бағалау нәтижелері 15-ші кесте келтірілген.

Кесте 15 – Ақуыз гидролизатының органолептикалық бағалау нәтижелері

Көрсеткіштер атауы	Сипаттамасы
Сыртқы түрі	Гигроскопиялық біркелкі ұнтақ тәрізді консистенциялы құрғақ өнім
Түсі	Ашық ақшыл түсті
Иісі	Алынған шикізаттың иісіне тән, айқын емес

Жүргізілген зерттеулер негізінде түкті субөнімдерден ақуыз гидролизатын алудың технологиялық сұлбасы ұсынылды (Сурет 13).



Сурет 13 – Түкті субөнімдерден ақуыз гидролизатын алудың технологиялық сұлбасы

Осылайша, ферменттік препарат ретінде сиыр, жылқы және қой сирақтары ақуыздарының гидролизін қамтамасыз ететін 5% BLT 7 қолдану тиімділігі негізделеді. Түкті субөнімдеріден ақуыз гидролизатын алудың технологиялық сұлбасы жасалып, ұсынылды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып және ет шикізатының барлық ресурстарын неғұрлым толық пайдалану үшін геродиетикалық бағыттағы пісірілген шұжықтарды өндіруде сиыр, жылқы, қой сирақтарынан алынған ақуыз гидролизатын пайдалану ұсынылды. Ақуыз гидролизатын ферменттік гидролиз жолымен алу технологиясы жоғарыда сипатталған.

Алынған ақуыз гидролизаттарының химиялық құрамы 16-шы кестеде берілген.

Кесте 16 – Ақуыз гидролизаттарының химиялық құрамын зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер атауы, өлшем бірліктері	Қой сирағынан алынған гидролизат	Жылқы сирағынан алынған гидролизат	ІҚМ сирағынан алынған Гидролизат
Физико-химиялық көрсеткіштер:			
- ылғалдылықтың массалық үлесі, %	3,71	2,43	2,71
- майдың массалық үлесі, %	4,51	5,54	4,31
- ақуыздың массалық үлесі, %	85,60	80,76	85,60
- көмірсулардың массалық үлесі, %	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
Минералды элементтер, мг/100 г:			
-кальций	0,93±0,005	0,90±0,005	0,89±0,005
-калий	10,91±0,05	10,05±0,05	10,82±0,05
-магний	0,27±0,005	0,32±0,005	0,22±0,005
-темір	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
-мырыш	0,07±0,001	0,09±0,001	0,05±0,001
-фосфор	12,01±0,02	12,57±0,02	13,61±0,02
Токсикалық элементтер, мг/кг:			
- кадмий	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- мышьяк	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- қорғасын	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- сынап	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
Дәрумендер:			
-А, мг/100 г	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- Е, мг/100 г	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- В1 (тиаминхлорид)	0,106±0,021	0,104±0,021	0,076±0,015
- В2 (рибофлавин)	0,021±0,009	0,016±0,007	0,015±0,006
- В6 (пиридоксин)	0,056±0,011	0,048±0,010	0,038±0,008
Микробиологиялық көрсеткіштер:			
- КМАФАнМ, КОЕ/г	1*10 ²	Табылған жоқ	1*10 ²
- БГКП (колиформалар) 1,0 см ³	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- S.aureus, КОЕ/г	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- Ашытқылар, КОЕ/г	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ
- Зең, КОЕ/г	Табылған жоқ	Табылған жоқ	Табылған жоқ

Сиыр, жылқы, қой сирағынан жасалған дайын ақуыз гидролизатының химиялық құрамын талдау жылқы сирағынан жасалған гидролизаттағы ақуыздың мөлшері 80,76% құрайды, ал қой мен сиыр сирағынан алынған гидролизаттардағыдай ақуыз мөлшері 85,60% құрайды. Бұл дайын ақуыз гидролизаттарын геродиетикалық өнімдерді өндіру үшін ақуыз байытқышы ретінде пайдалануға болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ақуыз гидролизатындағы майдың мөлшері дайын өнімді өндірудегі маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады, өйткені майдың мөлшері 15-20% - дан жоғары болса сақтау мерзімін қысқартады. Зерттеу нәтижелері

жылқы, қой және сиыр сирақтарынан алынған гидролизаттарында ақуыздардың массалық үлесі жоғары, ал майдың мөлшері салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетті. Сонымен, жылқы сирақтарынан алынған гидролизат құрамында 5,54%, ал сиыр мен қой сирақтарының гидролизатында 4,51% май бар. Бұдан шығатыны, зерттелетін үлгілердегі майдың төмен мөлшері оны геродиетикалық өнімнің рецептурасында қосымша шикізат ретінде пайдалануға және сапасы жоғары дайын өнімді алуға мүмкіндік береді.

Ақуыз гидролизаттарының аминқышқылдарының құрамын талдау нәтижелері олардың геродиетикалық бағыттағы ет өнімдерін байыту үшін пайдаланудың жоғары потенциалын көрсетеді. Бұл зерттеулер ет өнеркәсібінің қалдық шикізатын қайта өңдеу перспективасын көрсетеді.

Кесте 17 – Ақуыз гидролизаттарының аминқышқылды құрамы

Аминқышқылдарының атауы мен массалық үлесі, %	Қой сирағынан алынған ақуыз гидролизаты	Сиыр сирағынан алынған ақуыз гидролизаты	Жылқы сирағынан алынған ақуыз гидролизаты
Аргинин	6,021±2,408	6,173±2,469	3,874±1,550
Лизин	3,157±1,073	5,185±1,763	3,027±1,029
Тирозин	0,881±0,264	1,173±0,352	1,211±0,363
Фенилаланин	1,542±0,463	2,654±0,796	1,574±0,472
Гистидин	2,203±1,101	1,111±0,556	2,542±1,271
Лейцин+Изолейцин	1,982±0,515	3,272±0,851	2,179±0,567
Метионин	0,712±0,242	1,049±0,357	1,090±0,370
Валин	8,811±3,524	17,284±6,914	9,927±3,971
Пролин	8,811±2,291	16,667±4,333	10,048±2,613
Треонин	1,615±0,646	2,469±0,988	1,695±0,678
Серин	2,570±0,668	4,259±1,107	2,906±0,755
Аланин	6,681±1,737	10,494±2,728	7,022±1,826
Глицин	13,216±4,493	27,160±9,235	13,317±4,528

Зерттеу нәтижелері дайын ақуыз гидролизаттарының құрамында негізінен дәнекер ақуыздарда (коллаген, эластин) кездесетін глицин, валин, аланин, серин, сондай-ақ пролин аминқышқылдарының жоғары мөлшерде кездесетінін көрсетеді.

17-ші кестедегі мәліметтерден сиыр, жылқы және қой сирағынан алынған ақуыз гидролизаттарында глициннің жоғары концентрациясы бар екенін көруге болады— 27,160 %, 13,317 %, 13,216 %, валин мен пролин бірдей жоғары деңгейді көрсетті— 16 %, 10 %, 8,8 %, аланин— 10,494 %, 7,022 %, 6,681 %, аргинин- 6,173%, 3,874 %, 6,021% алынған шикізатынан сәйкесінше.

Аминқышқылдар егде жастағы адамның тамақтануында ерекше рөл атқарады, қышқылдардың әрқайсысының өзіндік функционалдық қасиеттері бар. Мысалы, лизин кальцийдің дұрыс сіңуін қамтамасыз етеді, коллаген түзілуіне қатысады. Аргинин белгілі қоректік заттарға инсулин секрециясының күшті стимуляторы болып табылады, ағзаға иммуномодуляциялық әсері бар. Пролин сау буындардың, сіңірлердің, байламдардың және жүрек бұлшықеттерінің қалыптасуына ықпал етеді, глицин - иммундық жүйені ынталандырады, есте сақтау қабілетін жақсартады, бұлшықет дистрофиясына көмектеседі.

3.2.3 Ақуыз гидролизатының өсімдік шикізаты қосылып жасалған геродиетикалық шұжық өнімдеріне әсерін зерттеу

Арнайы бағыттағы өнімнің құрамы мен сапасына ғылыми негізделген тағамдық-технологиялық талаптарды жасау кезінде отандық және шетелдік нутрициология мен диетология тәжірибесі басшылыққа алынды, ол үшін 60 жастан асқан ерлер мен әйелдердің энергия мен тағамдық заттарына физиологиялық қажеттілік нормалары талданып, жүйеленді. Егде жастағы адамдардың метаболикалық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану үшін ет өнімдеріне ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды. Егде адамдардың тамақтануына ұсыныстарды жасау кезінде өндірілген өнім егде жастағы адамдардың метаболикалық процестерді қалыпқа келтіретін немесе қоректік адекватты ақуыздың, майдың және басқа макро-, микроэлементтердің негізгі көзі болатындай жасалады.

Ет өнімдерінің ішінен пісірілген шұжық өнімдері халықтың әртүрлі топтары арасында, соның ішінде шайнау аппаратының жағдайын ескере отырып, егде жастағы адамдар арасында ең перспективалы және тұтынылатын өнім болып табылады.

Егде жастағы адамдардың тамақ өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормаларын жүйелеу және жалпылау негізінде ең жиі кездесетін тапшылық жағдайларын ескере отырып геродиетикалық тамақтану үшін ет негізіндегі жасалған арнайы бағыттағы өнімдердің құрамы мен сапасына ғылыми негізделген қоректік талаптар бекітілген.

Егде жастағы адамдар үшін негізгі қоректік заттарды тұтынудың ұсынылған нормалары 18-ші кесте де келтірілген [173].

Кесте 18 – Егде жастағы адамдарға арналған қоректік заттар физиологиялық қажеттіліктерінің ұсынылатын нормалары

Көрсеткіштер	100 г өнімнің құрамында	Тәулiктiк қанағаттандыру нормасы, %
Ақуыз, г, оның ішінде	10,0-14,0	20-25
Дәнекер ұлпалық ақуыздар, г.	4,0 - 6,0	—
Май, г, оның ішінде	8,0-12,0	20-25
Өсімдік майы	2,0 - 4,0	20-25
Көмірсулар, г, оның ішінде	4,0-8,0	5-7
Тағамдық талшықтар, г	3,0-6,0	20-30
Холестерин, г, артық емес	0,06-0,012	20
w ₆ / w ₃ қатынасы	(1-7):1	-
Энергетикалық құндылық, ккал/100г	120-180	6-9
Ас тұзы, г, артық емес	2,0	60
Кальций	240 – 480	20-50
Фосфор	240 – 480	20-40
Темір	2,0-2,5	20-25
Иод	0,03-0,04	20-25

Аминқышқылдары мен май қышқылдарының құрамы бойынша тепе-теңдіктен басқа, егде жастағы адамдардың тамақтануына арналған өнімдерге басқа да талаптар қойылады: ақуыз: майлар: көмірсулар қатынасы - 1:0,8:3,5, кальций мен фосфордың қатынасы – 1:1,5, кальций және магний – 1:0,6. Кальцийді ағзаға тамақ арқылы сіңіру үшін жеткілікті мөлшерде D дәруменін қабылдау керек. Берілген талаптарға сүйене отырып, пісірілген шұжық рецептурасы жасалды. Ақуыз гидролизатының химиялық құрамын талдау нәтижелері дайын өнімге оң әсерін растайды.

Жүргізілген зерттеулер мен әдеби деректерді талдау негізінде шикізат массасының 3 %, 5 %, 7% мөлшерінде ақуыз гидролизатын (ары қарай АГ) пайдалану ұсынылды. Бақылау және тәжірибелік үлгілердің рецептурасы 19-шы кестеде берілген.

Кесте 19 – Бақылау және тәжірибелік үлгілердің рецептурасы

Шикізат атауы	Үлгілер			
	Бақылау «Пісірілген шұжық өнімдері» МЕМСТ 23670- 2019	Тәжірибе 1 Портулак ұнтағы 1%, АГ 3%	Тәжірибе 2 Портулак ұнтағы 1%, АГ 5%	Тәжірибе 3 Портулак ұнтағы 1%, АГ 7%
Сиыр еті сіңірден ажыратылған жоғары сұрып, кг	72	72	72	72
Сінірінен ажыратылған сиыр еті бірінші сұрып , кг	15	14	12	10
Сиыр майы, кг	13	10	10	10
АГ, кг		3	5	7
Портулактың ұнтағы , кг		1	1	1
Ас тұзы, кг	2,1	2,1	2,1	2,1
Натрий нитриті, кг	0,05	0,05	0,05	0,05
Қант ұнтағы, кг	0,19	0,19	0,19	0,19
Қара бұрыш, кг	0,15	0,15	0,15	0,15
Кардамон, мускат жаңғағы, кг	0,2	0,2	0,2	0,2

Ингредиенттердің ұсынылған қатынасы дайын өнімде қажетті консистенциясын, тағамдық және биологиялық құндылықты және жоғары функционалды және технологиялық қасиеттерді қамтамасыз етеді.

Азық-түлік өнеркәсібінде өнімдердің, әсіресе ет өнімдерінің текстуралық және реологиялық қасиеттерін жақсарту мәселелері зерттеу қызметіндегі басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл саладағы перспективалы бағыттардың бірі - әртүрлі қоспаларды, соның ішінде ақуыз гидролизаттарын енгізу, шұжық турамасының тұтқырлығы мен ағындық қасиеттерін ұтымды өзгертіп, дайын өнімдердің сапасын жақсартады.

Ақуыз гидролизаты мен өсімдік шикізаты қосылып жасалған геродиетикалық шұжық турамасының құрылымдық-механикалық сипаттамаларын зерттеу барысында ығысудың шектік кернеу көрсеткіштері зерттелді.


Зерттеудің мақсаты ақуыз гидролизатын қосу кезіндегі шұжық турамасының реологиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу. Қойылған мақсатқа жету үшін бақылау үлгісі, 3% және 5% көлемінде қосылған ақуыз гидролизаты шұжық турамасы үлгілері зерттелді. Тәжірибелік үлгілердің реологиялық қасиеттері Структурометр СТ2 құрылғының көмегімен зерттелді.

Реологиялық қасиеттерді талдау үшін СТ2 структурометрін қолдану арқылы ақуыз гидролизатын қосу нәтижесінде шұжық турамасына әсерін оның ішінде, ығысу деформацияларын дәл және объективті бағалауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер бойынша, ақуыз гидролизатын енгізу кезінде ет матрицасында болатын процестерді терең түсінуге ықпал етіп қана қоймайды,

сонымен қатар оңтайландырылған текстуралық сипаттамалары бар жаңа ет өнімдерінің рецептураларын жасауға мүмкіндік береді.

Алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде шұжық турамасына ақуыз гидролизатын қосу кезінде ығысу кернеуінің және тұтқырлықтың жоғарылауына әсер етеді.

Ақуыз гидролизаты 3% және 5% көлемінде қосылған тәжірибелік үлгілер бақылау үлгісімен салыстырғанда жоғары реологиялық сипаттамалар көрсетті, бұл шұжық турамасының деформацияға төзімділігінің жоғарылауын көрсетеді. Бұл өзгеріс ақуыз гидролизатының әсерінен дайын өнімнің текстуралық қасиеттерін жақсартатын күрделі белоктық матрицалық құрылымның түзілуіне байланысты болуы мүмкін. Шұжық турамасының реологиялық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері 14-ші суретте берілген.



Сурет 14 – Шұжық турамасының ығысу кернеуі мен тұтқырлығы

Ақуыз гидролизаты қосылған шұжық турамасының реологиялық қасиеттеріне әсерін салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Үлгілер турамасының шектік ығысу кернеуі мен тұтқырлығын 4-6 формулаларын пайладанып есептелді. Нәтижесінде, бақылау үлгісі 113,69 Па ығысу кернеуімен және 108,85 Па*с тұтқырлығына ие болды. Ақуыз гидролизаты 3% көлемінде қосылған шұжық турамасының ығысу кернеуі 123,39 Па дейін және тұтқырлықтың 129,27 Па*с дейін артуына әкелді, бұл бақылау үлгісімен салыстырғанда сәйкесінше 8,53% және 18,74% жоғары. Дегенмен, Ақуыз гидролизаты 5% көлемінде қосылған шұжық турамасының ығысу кернеуі жоғары көрсеткіштерге ие болды 127,55 Па дейін және тұтқырлық 128,72 Па*с дейін арттырды. Бұл бақылау үлгісімен салыстырғанда ығысу кернеуінің 12,23%-ға және тұтқырлықтың 18,29%-ға артқанын білдіреді.


Осылайша, 5% ақуыз гидролизаты қосылған үлгі зерттелген үлгілер

арасында ең жоғары ығысу кернеуінің мәндерін (127,55 Па) көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар жақсартылған реологиялық сипаттамалардың оңтайлы үйлесімін көрсетті. Бұл нәтижелер дайын ет өнімдерінің өңделуі мен сапасын жақсартуға көмектесетін шұжық етінің тұтқырлығын және деформацияға төзімділігін арттыру үшін 5% протеин гидролизатын пайдаланудың артықшылығын көрсетеді.

Шұжық турамасына ақуыз гидролизаты 5% көлемінде қосу нәтижесінде бақылау үлгісімен салыстырғанда тұтқырлығын 18,29%-ға, сонымен қатар ығысу кернеуінің 12,23%-ға артуына әсер етеді. Бұл өзгерістер фарштың құрылымдық қасиеттерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді, бұл дайын ет өнімдерінің сапасына оң әсер етеді.

Ақуыз гидролизаты 3%, 5%, 7% көлемінде және 1% мөлшерінде портулак қосылып тәжірибелік үлгілер жасалды және олардың физика-химиялық, технологиялық, құрылымды механикалық қасиеттеріне зерттеулер жүргізілді.

Дайын өнімдер органолептикалық көрсеткіштер, физика-химиялық көрсеткіштер, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша тексерілді. Тәжірибелік үлгілердің органолептикалық бағалауы жүргізілді (сурет 15).



Сурет 15 – Дайын өнімнің органолептикалық бағалауы

Тәжірибелік үлгілердің органолептикалық бағалауы ақуыз гидролизатын қосудың оңтайлы мөлшері 3% және 5% екенін көрсетті. Екі үлгінің де сыртқы түрі, консистенциясы, дәмі мен иісі жақсы болды. 7% мөлшерінде ақуыз гидролизатын қосқанда, тәжірибелік үлгілердің субөнімдерге тән ерекше дәм болды. Алынған сенсорлық бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, 3% және 5% ақуыз гидролизаты қосылған үлгілерді зерттеуді жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Бақылау және тәжірибелік үлгілердің химиялық құрамын зерттеу нәтижелері 20-шы кестеде берілген.

Кесте 20 – Бақылау және тәжірибелік үлгілердің химиялық құрамы

Үлгілер атауы Көрсеткіштер	Бақылау «Сиыр етінен жасалған» МЕМСТ 23670-2019	Тәжірибе 1 (портулак ұнтағы 1%, АГ 3 %)	Тәжірибе 2 (портулак ұнтағы 1%, АГ 5 %)	Егде, қарт адамдардың тәуліктік қанағаттандыру мөлшері, %	Геродиетикалық өнім құрамына қойылатын талаптар, 100 г-да
Ылғалдылық, %	63,5	67,37	65,2	-	-
Ақуыз, %	16,85	18,93	19,29	37-38	10,0-14,0
Май, %	14,0	8,25	9,85	25-37	8,0-12,0
Көмірсу, %	3,0	2,85	3,01	3-4	4,0-8,0

Адам ағзасында ақуыз мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, ұлпалардың құрамындағы ақуыздар ыдырай бастайды. Сол себепті ақуызды тұтынудың ұсынылған нормаларын ұстану маңызды болып табылады [1]. ДДСҰ ұсыныстары бойынша ақуыздың тұтыну нормасы тәулігіне 65-100 г немесе кунделікті қолданылатын тағамдардың 10-15%-ын құрау керек. Геродиетикалық өнімдердің құрамына қойылған формалдық талаптарды ескере отыра, арнайы бағыттағы өнімдердің құрамындағы ақуыздың массалық үлесі 10%-дан кем болмауы керек.


Ақуыздардың ең маңызды функционалды қасиеттері: ерігіштік, дисперстік жүйелерді (эмульсиялар, суспензиялар) және гельдерді жасау, адгезиялық және реологиялық қасиеттері (тұтқырлығы, серпімділігі), ылғал байланыстырушы, май байланыстырушы болып табылады. АГ-ның піскен шұжықтардың функционалды-технологиялық қасиеттеріне әсерін анықтау үшін ылғал байланыстырғыш, ылғал ұстағыш және май ұстағыш қабілеттері анықталды.

Кесте 21 – Ақуыз гидролизатын қосып жасаған геродиетикалық шұжықтардың негізгі функционалды-технологиялық қасиеттері

Үлгілердің атаулары	Көрсеткіштер, %		
	ЫБҚ	ЫҰҚ	МҰҚ
Бақылау үлгі	73,12±0,36	69,12±0,72	57,18±0,51
Тәжірибе 1 Портулак ұнтағы 1%, АГ 3%	75,62±0,84	73,97±0,91	59,13±0,83
Тәжірибе 2 Портулак ұнтағы 1%, АГ 5%	79,13±0,62	80,03±0,65	60,05±1,01

Жануартектес ақуыз гидролизаттары кең таралған соя ақуыз изоляттарымен салыстырғанда жоғары (екі-үш есе) ылғал ұстау қабілетімен, салыстырмалы май ұстау қабілетімен және су-май эмульсиясының айтарлықтай жоғары (4-8 есе) беріктігімен сипатталады және соя ақуыздарының орнына шұжық рецептураларында қолданылуы мүмкін.

Тәжірибелік үлгілердің функционалды-технологиялық қасиеттері төменде берілген (сурет 16).



Сурет 16 – Бақылау және тәжірибелік үлгілердің функционалды-технологиялық қасиеттері

Ақуыз гидролизатының қосылуы тәжірибелік үлгілердегі ылғал байланыстыру қабілетінің жоғарылауына әкеледі және осылайша өнімнің жоғары шығымдылығын қамтамасыз етеді. Берілген нәтижелер бойынша ақуыз гидролизаты 5% мөлшерінде қосылған тәжірибелік үлгілерде өнімнің шығымы артатынын көрсетеді. Бұл ақуыз гидролизаты ылғалдың көп бөлігін байланыстыратындығымен түсіндіріледі, табиғи ет қоспаларының ерігіштігі, эмульгирлеу және геледеу қабілеті сияқты маңызды қасиеттеріне ие және дайын өнімнің көбеюін қамтамасыз етеді.

Дайын өнім үлгілерінің минералды құрамы зерттелді. Минералды заттар ет өнімдерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дайын ет өнімдерінің құрамында адам ағзасына қажетті бірқатар минералдар анықталды, зерттеу нәтижелері 22-ші кестеде келтірілген.

Кесте 22 – Бақылау және тәжірибелік үлгілердің минералды құрамы

Минералды заттар	Бақылау МЕМСТ 23670-2019	Тәжірибе 1 Портулак ұнтағы 1%, АГ 3%	Тәжірибе 2 Портулак ұнтағы 1%, АГ 5%	Егде, қарт адамдардың тәуліктік қанағаттандыру мөлшері, %	Геродиетикалық өнім құрамына қойылатын талаптар, 100 г-да
Кальций, мг	12,45±0,05	12,75±0,03	12,95±0,08	1-2	240 – 480
Калий, мг	351,91±0,25	355,65±1,03	363,37±0,62	14-15	500–1000
Магний, мг	21,05±0,05	21,12±0,10	21,30±0,08	6-7	80–90
Темір, мг	1,31±0,05	1,28±0,02	1,19±0,03	13-15	2,0-2,5
Мырыш, мг	3,61±0,08	3,68±0,05	3,74±0,09	30-40	2,0–3,0
Фосфор, мг	175,76±1,03	178,28±1,12	183,19±1,31	14-16	240 – 480

Ақуыз гидролизатының пайыздық қатынасының жоғарылауымен және портулак қосылуымен дайын шұжық өнімдерінің құрамында минералдардың мөлшері артады. Атап айтқанда, бақылауға қарағанда ақуыз гидролизаты 3% және 5% қосылған тәжірибелік үлгілердегі кальций мөлшері 2,4 % және 4 %-ға, фосфор 1,4 % және 4 %-ға сәйкесінше артты. Зерттелетін үлгілердің дәрумендік құрамы зерттелді (кесте 23).

Кесте 23 – Бақылау және тәжірибелік үлгілердің дәрумендік құрамы

Дәрумендер	Бақылау МЕМСТ 23670-2019	Тәжірибе 1 Портулак ұнтағы 1%, АГ 3%	Тәжірибе 2 Портулак ұнтағы 1%, АГ 5%	Егде, қарт адамдардың тәуліктік қанағаттандыру мөлшері, %
В1 (тиаминхлорид), мг/100г	0,300±0,060	0,415±0,083	0,314±0,063	20-30
В2 (рибофлавин), мг/100г	0,115±0,048	0,120±0,050	0,136±0,057	8-9
В6 (пиридоксин), мг/100г	0,046±0,009	0,055±0,011	0,068±0,014	2-3
В3 (пантотен қышқылы), мг/100г	0,085±0,017	0,130±0,026	0,123±0,025	4-6
В5 (никотин қышқылы), мг/100г	0,006±0,001	0,042±0,007	0,044±0,001	0,2-0,3
Е (токоферол), мг/100г	-	0,48±0,05	0,47±0,03	3

Барлық зерттелетін үлгілер үшін дәрумендік құрамы шамалы айырмашылықтарды санамағанда бірдей шектерде болды. Дәрумендік құрамды зерттеу В5 мәндерінің айтарлықтай өскенін көрсетті. Тәжірибелік үлгілерге портулак ұнтағын қосу токоферол мөлшеріне әсер етті және $0,48 \pm 0,05$ (тәжірибе 1) және $0,47 \pm 0,03$ мг/100г (тәжірибе 2) болды.

3.3 Геродиетикалық шұжық өнімдерінің рецептурасын математикалық модельдеу

Геродиетикалық шұжықтардың оңтайлы рецептурасы мен технологиясын жобалау мақсатында өнімнің құрамындағы шикізат мөлшері органолептикалық бағалауына, ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың массалық үлестері көрсеткіштеріне әсер ету факторлары экспериментті математикалық факторлық жоспарлау әдісімен зерттелді [174-175].

Көрсеткіштер (факторлар) жүйесін құру кезінде геродиетикалық пісірілген шұжықтың сапасына (Y1 - Ақуыз, %; Y2 - Май,%; Y3 - Көмірсу, %; Y4 - Органолептикалық бағалау, балл) үш фактордың әсері зерттелді: сиыр еті мөлшері (X1), өсімдік қоспасының мөлшері (X2), ақуыз гидролизатының мөлшері (X3) (кесте 24).

Кесте 24 – Геродиетикалық шұжық айнымалы факторлары, олардың вариация интервалдары және шекті мәндері

Айнымалы факторлар	Белгілеулер	Деңгейлер			Вариация аралығы
		-1	0	1	
Сиыр еті мөлшері, %	X1	82	84	86	2
Өсімдік қоспасының мөлшері,%	X2	0,5	1	1,5	0,5
Ақуыздық гидролизат мөлшері,%	X3	3	5	7	2

Тәжірибелердің толық үш факторлы жобасы бойынша геродиетикалық пісірілген шұжықтың сапалық процесіне зерттеу жүргізілді.

Толық факторлық экспериментте алынған регрессия теңдеуі бірінші дәрежелі көпмүше (1) түрінде өрнектеледі:

$$y(x_1, \dots, x_k) = b_0 + \sum_{i=1}^k b_i x_i + \sum_{i=1}^k b_i x_i^2 + \sum_{\substack{i,j=1 \\ (i \neq j)}}^k b_{ij} x_i x_j \quad (10)$$

(10) теңдеудегі $i \neq j$ үшін екінші ретті $X_i X_j$ мүшелері әсерлерін, яғни X_i және X_j бірлескен әрекетінің Y1, Y2, Y3 және Y4 мәніне сызықтық әсерлеріне қосымша, және $i=j$ үшін $X_i X_j$ терминдері (яғни x_i^2 - аргументтердің квадраттары) - i -ші аргумент өзгерген кезде Y өзгерісінің сызықты емес болуы.

Бұл жағдайда зерттелетін көрсеткішке, геродиетикалық пісірілген шұжықтың сапасына i -ші фактордың әсері (10) регрессия теңдеуінің коэффициенттерімен бағаланады.

Біздің зерттеуімізде реттелетін параметрлерлерден $Y_i = f(x_1, x_2, x_3)$, $i = 1, 2, 3$ тұратын функциясының формасы белгісіз. Көпфакторлы тәжірибелік жобаны пайдалану кезінде әдеттегідей геродиетикалық пісірілген шұжықтардың сапа көрсеткіштері процесінің бұрын айтылған сызықты еместігін ескере отырып, регрессия теңдеуі екінші дәрежелі көпмүше түрінде ұсынылған. Тәжірибе нүктелерінің жеткілікті санымен геродиетикалық пісірілген шұжықтардың сапа көрсеткіштері процесінің математикалық моделін зерттелетін параметрлердің толық квадраттық функциясы түрінде есептеуге болады.

Эксперименттік мәліметтер мен есептеулер ғылыми-зерттеу программаларын қолдану арқылы компьютерде жүргізілді: Statistica 12 статистикалық программа пакеттері. Сондай-ақ Excel Office программасының «Деректерді талдау» қосымшасы таңдалған көрсеткіштерді бағалауға, зерттелетін көрсеткіштердің таралу заңдылықтары туралы гипотезаны талдауға және тексеруге, графиктер мен регрессия көрсеткіштерін құруға мүмкіндік беретін (10) регрессия теңдеуі арқылы анықталады [176-178].

Модель компоненттерінің (1) оңтайлы жиынтығын таңдау Statistika 12.0 қолданбалы пакетінің көмегімен сатылы регрессия әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Ең кең тараған және тиімді әдістер: Forward, Backward и Stepwise.

Forward әдісінде процедура ешқандай тәуелсіз айнымалыларды қамтымайтын регрессия үлгісінен басталады. Бастапқы кезеңде аргументтердің толық жиынтығынан ең үлкен ішінара корреляция коэффициенті бар айнымалы таңдалады. Нәтижесінде тәуелді айнымалымен ең жоғары ішінара корреляция коэффициенттері бар айнымалылар ақырғы регрессия теңдеуіне кезең-кезеңімен байланыстырылады.

Backward әдісі (алып тастау әдісі немесе «кері әдіс») үлгіден айнымалыларды бір-бірден шығаруға мүмкіндік береді. Процедура барлық тәуелсіз айнымалыларды қамтитын регрессия үлгісінен басталады. Маңызды емес аргументтерді алып тастау үшін жеке F-Remove критерийі пайдаланылады.

Қадамдық әдіс Stepwise регрессиядағы айнымалыны дәйекті түрде қосудан және/немесе жоюдан тұрады. Stepwise әдісі алға ілгерілеу әдісі сияқты жобаланған, бірақ әр қадамнан кейін қазіргі уақытта қолданылып жатқан айнымалылар Backward әдісі арқылы зерттеледі.

Қадамды Forward процедурасының нәтижесінде стандартталған β -коэффициенттер, табиғи масштабты регрессия b -коэффициенттері, олардың маңыздылығын тексеру үшін Стьюденттің t -тесттері және p ықтималдықтың сенімділік деңгейлері есептелді (25 кесте).

Модельге айнымалыларды, сондай-ақ өзара әрекеттесулерді және олардың центрленген мәндерінің квадраттарын енгізу 25-ші кестеде көрсетілген регрессия процедурасының қадамдарының сәйкес санында жүзеге асырылды. Процедураның әрбір кезеңінде барлық статистикалық сипаттамалар мен параметрлер пісірілген шұжықтардың сапа көрсеткіштерін бағалау үлгілері қайта есептеліп, талдау жасалды. 25-ші кестедегі стандартталған β коэффициенттері тәуелсіз айнымалылардың маңыздылығын көрсетеді.

Microsoft Excel 2013 және Statistika 12.0 программалық пакетін пайдалана отырып эксперименттік деректерді математикалық өңдеу және елеусіз коэффициенттерді жою нәтижесінде технологиялық факторлардың (Y1, Y2, Y3, Y4) сапаға тәуелділігін барабар сипаттайтын геродиетикалық пісірілген шұжықтардың көрсеткіштерінің (X1, X2, X3) регрессия теңдеулері алынды.

Кесте 25 - Геродиетикалық пісірілген шұжықтардың регрессиялық теңдеулерінің параметрлері

Regression Summary for Dependent Variable: Y1 Ақуыз, % (Spreadsheet3 Тоқышева Г (новый)). R= ,95665302 R ² = ,91518500 Adjusted R ² = ,90412217 F(3,23)=82,726 p<,00000 Std.Error of estimate: ,29956						
N=27	b*	Std.Err. of b*	b	Std.Err. of b	t(23)	p-value
Intercept			-0,080278	2,974647	-0,02699	0,978703
X3, %	0,864355	0,060726	0,502500	0,035303	14,23376	0,000000
X1, %	0,350233	0,060726	0,203611	0,035303	5,76747	0,000007
X2, %	-0,213102	0,060726	-0,495556	0,141214	-3,50926	0,001885

Regression Summary for Dependent Variable: Y2 Май,% (Spreadsheet3 Тоқышева Г (новый).sta) R= ,83229891 R ² = ,69272148 Adjusted R ² = ,65264167 F(3,23)=17,284 p<,00000 Std.Error of estimate: 1,2377						
N=27	b*	Std.Err. of b*	b	Std.Err. of b	t(23)	p-value
Intercept			83,63639	12,29050	6,80496	0,000001
X1, %	-0,655942	0,115585	-0,82778	0,14586	-5,67496	0,000009
X3, %	-0,473467	0,115585	-0,59750	0,14586	-4,09626	0,000443
X2, %	-0,195682	0,115585	-0,98778	0,58346	-1,69297	0,103965

Regression Summary for Dependent Variable: Y3 Копірсу, % (Spreadsheet3 Тоқышева Г (нов) R= ,40928550 R ² = ,16751462 Adjusted R ² = ,05892957 F(3,23)=1,5427 p<,23031 Std.Error of estimate: ,36118						
N=27	b*	Std.Err. of b*	b	Std.Err. of b	t(23)	p-value
Intercept			-0,299537	3,586570	-0,083516	0,934164
X1, %	0,155193	0,190250	0,034722	0,042566	0,815731	0,423022
X2, %	0,378670	0,190250	0,338889	0,170263	1,990385	0,058562
X3, %	0,006208	0,190250	0,001389	0,042566	0,032629	0,974252

Regression Summary for Dependent Variable: Y4 Органолептикалық бағалау, балл (Spreadsheet R= ,87001411 R ² = ,75692455 Adjusted R ² = ,73666826 F(2,24)=37,367 p<,00000 Std.Error of estimate: ,15351						
N=27	b*	Std.Err. of b*	b	Std.Err. of b	t(24)	p-value
Intercept			5,691667	0,119548	47,61005	0,000000
X3, %	-0,818979	0,100639	-0,147222	0,018091	-8,13781	0,000000
X2, %	-0,293596	0,100639	-0,211111	0,072365	-2,91733	0,007546

Модельдің құрылымын 25-ші кестедегі b-коэффициенттерін пайдалана отырып, біз келесі көрсеткіштер үшін кеңейтілген түрде бірнеше регрессия теңдеулерін жаза аламыз:

$$Y_1 = -0,080278 + 0,203611 * X_1 - 0,495556 * X_2 + 0,502500 * X_3 \quad (11)$$

$$Y_2 = 83,63639 - 0,82778 * X_1 - 0,98778 * X_2 - 0,59750 * X_3 \quad (12)$$

$$Y_3 = -0,299537 + 0,034722 * X_1 + 0,338889 * X_2 + 0,001389 * X_3 \quad (13)$$

$$Y_4 = 5,691667 - 0,211111 * X_2 - 0,147222 * X_3 \quad (14)$$

Дербин-Уотсон d-критеріі көмегімен тәуелсіздікті тексереміз:

$$d = \frac{\sum_{i=1}^N (e_i - e_{i-1})^2}{\sum_{i=1}^N e_i^2} \quad (15)$$

Y₁ – Ақуыздың 1%-ға ұлғаюы X₁- Сиыр еті мөлшері 0,20% -ға, X₃ - Ақуыздық гидролизат мөлшері 0,50% -ға артуына, ал X₂ - Өсімдік қоспасының мөлшері 0,50% -ға азаюына әкелетінін көрсетеді.

Y₂ – Майдың 1%-ға ұлғаюы X₃ - Ақуыздық гидролизат мөлшері 0,60% -ға және X₁- Сиыр еті мөлшері 0,83% -ға және X₂ - Өсімдік қоспасының мөлшері 0,99% -ға азаюына әкелетінін көрсетеді.

Y₃ – Көмірсудың 1%-ға ұлғаюы X₁- Сиыр еті мөлшері 0,03% -ға, ал X₂ - Өсімдік қоспасының мөлшері 0,34% -ға және X₃ - Ақуыздық гидролизат мөлшері 0,001% -ға артуына әкелетінін көрсетеді.

Y₄ – Органолептикалық бағалаудың 1%-ға өсуі X₃ - Ақуыздық гидролизат мөлшері 0,15% -ға және X₂ - Өсімдік қоспасының мөлшері 0,21% -ға азаюына әкелетінін көрсетеді.

25-ші кестеде келтірілген статистикалық критерийлердің мәндері 95% сенімділік ықтималдығымен алынған регрессия теңдеулері сиыр еті мөлшері, өсімдік қоспасының мөлшері және ақуыздық гидролизат мөлшері зерттелетін Y₁, Y₂ және Y₄ параметрлерінің әсерін сенімді және барабар сипаттайтынын көрсетеді.

Көптік корреляция коэффициентінің (R = 0,8322 – 0,9566) едәуір жоғары мәндері алынған Y₁, Y₂ және Y₄ бақыланатын параметрлері арасындағы өте тығыз байланысты көрсетеді. Детерминация коэффициенті (R² = 0,6927 – 0,9152) эксперименттік деректердегі сәйкес жауаптың вариациясының 69,3% - 91,5% -ға өзгеруін сипаттайды.

F критерий сынағының мәндері, сәйкесінше, 17,284 - 82,726-ке тең, есептелген мәндік деңгейлері p < 0,000001 алынған теңдеулердің жеткілікті жоғары жуықтау мүмкіндігін көрсетеді. (2), (3) және (5) теңдеулерінің регрессия қалдықтары үшін тізбекті корреляция коэффициенттері әлсіз және шамалы. Durbin-Watson d тестінің мәндері дәлелдегендей, сериялық корреляция жоқ деп болжауға болады. Осылайша, бақыланатын параметрлердің сенімді және адекватты регрессия теңдеулері (2), (3) және (5) алынды, олар зерттелетін Y₁, Y₂ және Y₄ параметрлеріне әсер етуші сиыр еті мөлшерінің, өсімдік

қоспасының мөлшерінің және ақуыздық гидролизат мөлшерінің технологиялық процесін жеткілікті түрде толық сипаттайды.

Геродиетикалық пісірілген шұжықтардың көрсеткіштері мен оларға әсер ететін факторлар арасындағы байланыстарды талдай отырып, көп жағдайда олардың сызықтық емес сипаты жүргізілген тәжірибеге сәйкес анықталды. Көп өзгермелі тәуелділіктерді іздеу эксперименттік деректердің шектеулі көлемі және геродиетикалық пісірілген шұжықтардың сапасының көрсеткіштері үшін регрессия функцияларының түріне қатысты априорлық белгісіздік жағдайында жүргізілді. Мұндай жағдайларда регрессия теңдеуі екінші дәрежелі көпмүше ретінде көрсетіледі.

Көпкомпонентті факторлардың құрамына байланысты өзгеретін геродиетикалық шұжықтардың сапасы көрсеткіштерінің әрекеті 16-19 суреттерде көрсетілген.


Геродиетикалық шұжықтардың сапасы көрсеткіштерінің көрсетілген мәндерінің бірдей деңгейлері үш өлшемді сызбаларда сым торды, түрлі көлеңкелерді қолдана отырып бөлектелген. Беттік диаграмманың бұл элементтері бірдей болған жағдайда деңгейлер бірдей мағынаға ие болады.

Құрылған беттік диаграмма қоспа компоненттерінің ең жақсы комбинациясын табуға мүмкіндік береді, оны қолда бар мәндерден басқаша анықтау қиын.

16-19-шы суреттерге сәйкес, геродиетикалық шұжықтардың көрсеткіштері үшін (11)-(14) теңдеулерімен сипатталған дөңес және ойыс беттерінің тең деңгейлерінің контур сызықтары көрсетілген. Бұл сызбалар әрбір көрсеткіштің дөңес және ойыс бетінің жасырын құрылымын бағалауға, сонымен қатар зерттелетін айнымалылар арасындағы күрделі сызықты емес қатынастарды анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен, Y_1 – ақуыз, %, үшін регрессия теңдеуі келесідей болады:


$$Y_1 = 16,6932 - 0,2281 \cdot X_2 + 0,5725 \cdot X_3 + 0,0933 \cdot X_2^2 - 0,0908 \cdot X_2 \cdot X_3 + 0,0021 \cdot X_3^2 \quad (16)$$



Сурет 17 – X_2 және X_3 факторларының Y_1 оңтайландыру параметріне әсерін көрсететін кеңістік беті және тең деңгейлі сызықтары

Y2 – май, %, үшін регрессия теңдеуі келесідей болады:


$$Y2 = 2569,6146 - 58,8813 \cdot X1 - 20,3808 \cdot X3 + 0,3383 \cdot X1^2 + 0,2427 \cdot X1 \cdot X3 - 0,0604 \cdot X3^2 \quad (17)$$



Сурет 18 – X1 және X3 факторларының Y2 оңтайландыру параметріне әсерін көрсететін кеңістік беті және тең деңгейлі сызықтары


Y3 – көмірсу, %, үшін регрессия теңдеуі келесі түрде болады:

$$Y3 = 574,7104 - 13,5903 \cdot X1 - 5,6367 \cdot X2 + 0,0807 \cdot X1^2 + 0,0683 \cdot X1 \cdot X2 + 0,1178 \cdot X2^2 \quad (18)$$



Сурет 19 – X1 және X2 факторларының Y3 оңтайландыру параметріне әсерін көрсететін кеңістік беті және тең деңгейлі сызықтары

Y4 – Органолептикалық бағалау, балл, регрессия теңдеуі мына түрде болады:
 $Y4 = 3,7069 + 0,5806 \cdot X2 + 0,5861 \cdot X3 - 0,3333 \cdot X2^2 - 0,025 \cdot X2 \cdot X3 - 0,0708 \cdot X3^2$
 (19)



Сурет 20 – X2 және X3 факторларының Y4 оңтайландыру параметріне әсерін көрсететін кеңістік беті және тең деңгейлі сызықтары

17-20 суреттерге сәйкес түсті белгілер қарқындылық арқылы сәйкес индикатордың мәнін көрсетеді. Оларды пайдалана отырып, геродиетикалық шұжықтардың сапасы көрсеткіштерінің максималды болатын айнымалы мәндер ауқымын анықтауға болады.

Алынған модельдеу нәтижелері геродиетикалық шұжықтарды дайындауға арналған көпкомпонентті факторлардың оңтайлы құрамын ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді. Мақсат функциясының максимумын — ақуыздың (Y1), мәнін табу керек болды.

$$\begin{cases} Y_1 = f_1(x_1, x_2, x_3) \rightarrow \max; \\ \min x_i \leq x_i \leq \max x_i, i = 1, 2, 3; \end{cases} \quad (20)$$

Жоғарыда аталған есептердің оптималдық нәтижелері және төменгі және жоғарғы шектердің сандық мәндері 26-шы кестеде көрсетілген.

Кесте 26 – Геродиетикалық шұжықтарды дайындауға арналған көпкомпонентті факторлардың оптималдық шешімі

Айнымалылар	X1	X2	X3	Y1	Y2	Y3	Y4
Оптималды мәндері	86	1	7	19,0194	8,3794	3,1564	4,4127
Төменгі шегі	82	0,5	3	17,12	7,46	2	4,2
Жоғарғы шегі	86	1,5	7	20,92	15	3,68	5

Демек, оңтайлы шешім осындай жағдайларда алынған геродиетикалық пісірілген шұжықты пайдалануды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, өйткені мұнда шекаралық шарттар толығымен қанағаттандырылады. Осылайша, зертханалық зерттеулердің нәтижелері, жоғарыда көрсетілгендей, ең жақсы технологиялық көрсеткіштерге қол жеткізілетін геродиетикалық пісірілген шұжықтардың оңтайлы технологиялық режимдерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді.

Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Антиоксиданттық қасиетін ескере отырып, геродиетикалық шұжық рецептурасында қолдануға арналған өсімдік шикізатын таңдау ғылыми негізделген. Портулақтың антиоксиданттық белсенділігі жоғары екендігі анықталды: темір йондарын қалпына келтіру қабілеті FRAP – тың мөлшері - $43,5 \pm 1,0$ мг GAE/г құрғақ затқа, радикалдарды тежеу DPPH бойынша - 83%, бұл өз кезегінде дайын өнімнің геропротекторлық қабілетін арттырады.

Портулак құрамындағы фенолдық қосылыстардың мөлшері – 16,88 мг GAE/г, флавоноидтардың 26,33 мг рутин/г, каротиноидтардың 4,33 мг/г құрады. Портулақтың геродиетикалық шұжықтың физика-химиялық қасиеттеріне әсері зерттелді. Е дәрумені концентрациясының 0,72 мг/100 г дейін өсу динамикасы байқалды.

Ақуыз гидролизатын алу үшін шикізат ретінде сиыр, жылқы және қой сирақтарын 1:1:1 қатынасында қолдану негізделді. BLT 7 ферменттік препаратын жалпы салмаққа есептегенде 1% мөлшерінде қолданудың тиімділігі таңдалды және негізделді, бұл сиыр, жылқы және қой сирақтары ақуыздарының гидролизін қамтамасыз етеді. Гидролиздің оңтайлы режимдері таңдап алынды: температура - 45°C, уақыты 24 сағат болып белгіленді. жылқы сирақтарынан алынған гидролизаттағы ақуыздың мөлшері 80,76%, қой мен сиыр сирақтарынан жасалған гидролизаттарда ақуыз мөлшері 85,60% құрады.

Ақуыз гидролизаты 3%, 5%, 7 % және өсімдік шикізаты портулақтың 1% мөлшерінде қосылып жасалған геродиетикалық мақсаттағы пісірілген шұжықтың тәжірибелік рецептуралары МЕМСТ 23670-2019 негізінде әзірленді.

Ақуыз гидролизаты қосылып жасалған тәжірибелік үлгілердің физика-химиялық көрсеткіштері зерттелді. Ақуыз гидролизатының пайыздық қатынасының жоғарылауымен және портулак қосылуымен дайын шұжық өнімдерінің құрамында дайын егде және қарт адамдардың ағзаларына қажетті минералдардың мөлшері артады, оның ішінде кальций, фосфор, магний.

Геродиетикалық шұжық өнімдерінің құрамында өсімдік шикізатын 1%, ақуыз гидролизатының 5% мөлшері оңтайлы деп теориялық тұрғыдан негізделген және эксперименталды түрде расталған. Нәтижесінде ылғал байланыстыру қабілетінің 8,2%-ға, май ұстау қабілетінің 5%-ға артуы анықталды.

4 ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚОЛДАНЫП ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ДАЙЫН ӨНІМНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

4.1 Өсімдік шикізатын қолданып геродиетикалық шұжық өнімдерінің технологиясы

Ақуыз гидролизаты мен портулак ұнтағы қосылған «Баянауыл» геродиетикалық пісірілген шұжық өндірісінің технологиялық процесі «Сойылған малдарды ветеринариялық тексеру және ет пен ет өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама қағидаларын», «Ет өңдеу кәсіпорындарында импортталған ет пен ет өнімдерін пайдалану мен өндеудің ветеринариялық-санитариялық қағидаларын» және «Ет өнеркәсібі кәсіпорындары үшін санитариялық қағидалардын» сақтап, белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Пісірілген шұжық өндірісінің технологиялық үрдісі келесі операцияларды қамтиды:

- шикізат пен материалдарды қабылдау және тексеру;
- шикізатты, қоспаларды, дәмдеуіштер мен материалдарды дайындау;
- ет шикізатын дайындау;
- ет шикізатын бөлшектеу, сүйектен ажырату және сіңірлеу;
- ет шикізатын ұнтақтау және тұздау;
- тартылған етті дайындау;
- қалыптау;
- термиялық өндеуге дайындық;
- термиялық өндеу;
- дайын өнімнің сапасын бақылау;
- орау, таңбалау;
- қаптаманың сапасын бақылау және дайын өнімді қабылдау.
- сақтау және сату.

Шикізат пен материалдарды қабылдау және тексеру.

Өндірістегі шикізат пен материалдарды, егер оларда ілеспе құжаттар болмаса немесе дұрыс рәсімделмесе, сақтау мерзімі өтіп кетсе, нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмесе, пайдалануға жол берілмейді. Нормативтік құжатта белгіленген сақтау мерзімінің сексен пайызынан астам сақтау мерзімі бар шикізат немесе материалдар физика-химиялық және микробиологиялық зерттеулерге жіберіледі және осы зерттеулердің нәтижелері негізінде оларды пайдалану туралы қорытынды жасалады.

Ет шикізатын ілеспе құжаттарға сәйкестігін тексереді: таңбалар мен мөртабандар еттің нақты санатына сәйкестігін; термиялық жай-күйін; осы кәсіпорынға түскенге дейінгі шарттарын, сақтау мерзімдерін.

Ет шикізатының термиялық күйін сүйегі бар етте жамбас немесе жауырын бөліктерінің немесе блоктың қалыңдығындағы температураны өлшеу арқылы бақыланады

Кәсіпорынға суытылған күйде түскен ет шикізаты шұжық өндіруде пайдалану үшін салқындатылып және жетілген соң пайдалануға болады.

Еттен басқа қосымша ингредиенттер мен материалдар тексеріледі: өндірілген күні мен сақтау мерзімі, жапсырмада көрсетілген композиция және оның болуы. Өндірісте қаптаманың ақауларымен келіп түскен қосымша ингредиенттер мен материалдар белгіленген көрсеткіштерге сәйкестігі тұрғысынан зертханада тексерілмесе пайдалануға болмайды.

Ет шикізаты мен материалдарында кіріс бақылау кезінде микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштер, сондай-ақ бөгде қоспалар анықталады. Зерттеулер оларды өндіруге арналған тиісті нормативтік құжаттарда көрсетілген әдістермен жүргізіледі.

Тағамдық ингредиенттерді, қоспаларды, дәмдеуіштерді дайындау.

Кәсіпорынға ораусыз түскен ас тұзы қолданар алдында магнит ұстағыштары бар електер арқылы електен өткізіледі.

Натрий нитритін қолданған кезде оның ерітіндісі «Белгіленген тәртіппен бекітілген тұздау қоспаларын қолдану жөніндегі технологиялық нұсқаулыққа» сәйкес дайындалады.

Кәсіпорынға тұтастай келетін дәмдеуіштер әртүрлі конструкциялы ұсақтағыштарда ұнтақталады және тесіктердің мөлшері белгілі електен өткізіледі: қара немесе ақ бұрыш, қызыл бұрыш үшін тесіктер диаметрі 0,45 мм-ден аспайды.

Ұнтақталған дәмдеуіштердегі металл қоспаларының (бөлшектердің ең үлкен сызықтық өлшемде 0,3 мм-ден аспайтын) массалық үлесі 0,001% - дан аспауы тиіс.

Тартылған ет көлемінде дәмдеуіштердің біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін рецептура бойынша берілген мөлшерде өлшенген ұнтақталған дәмдеуіштерді қантпен немесе тұзбен араластыру ұсынылады.

Табиғи дәмдеуіштердің орнына қолданылатын дәмдеуіш сығындылары оларды қолдану жөніндегі технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес белгіленген тәртіппен бекітіліп дайындалады және қолданылады.

Ащы қоспалар қолдану технологиялық нұсқаулыққа сәйкес белгіленген тәртіппен бекітіліп дайындалады және пайдаланылады.

Қаптамаларды дайындау.

Пісірілген шұжық өндіру үшін целлюлоза және полимерлі жасанды қабықтарды қолдану жөніндегі технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес белгіленген тәртіппен бекітіліп

Шикізатты қабылдау, дефростация, жартылай ұшалар мен кесектерді тазарту және кесу, етті сүйектен ажырату және сіңірлеу.

Өсімдік шикізатын қолданып геродиетикалық шұжық өнімдерін өндіру үшін ет шикізаты ретінде бірінші сортты сіңірлен ажыратылған сиыр еті, майлы сиыр еті, сиыр майы, сирақтардан алынған ақуыз гидролизаты, өсімдік шикізаты ретінде портулак ұнтағы қолданылады.

1-4°C температураға дейін салқындатылған жартылай ұшалар мен сиыр

етінің кесектері сүйектен ажыратылады. Бұл бұлшықет, дәнекер және май тіндерін сүйектерден бөлу процесі. Сүйектен ажыратудан алдын ластанған және көгерген жерлері кесіп алынады. Сиыр етін сүйектен дәстүрлі жолмен ажыратады. Сүйектердегі ет мөлшері сүйек түрлері бойынша 8% - ға дейін рұқсат етіледі. Сүйектен ажыратылған ет массасы салқындату камерасына беріледі. Әрі қарай, ет шикізаты сіңірден ажыратылуға жіберіледі. Сіңірден ажырату кезінде сиыр еті ұсақ сүйектерден, өрескел дәнекер дәнекер қабаттардан, сіңірлерден, шеміршектерден, қан тамырларынан босатылып, салмағы 400-500 г кесектерге кесіліп, дәнекер ұлпа мен майдың құрамына қарай үш сортқа сұрыпталады.

Ет шикізатын ұсақтау және тұздау

Сіңірден ажыратылған ет шикізаты ұсақталады, өлшенеді және өндірістік жерлерде ауаның температурасы 12°C-тан жоғары емес, салыстырмалы ылғалдылығы 70% - дан жоғары емес жағдайларда тұздалады. Тұздау тордың тесіктерінің диаметрі 16-25 мм-ден ұсақталған етте жүргізіледі .

Ұсақталған сіңірден ажыратылған сиыр еті тұздалады. Ет шикізатын алдын - ала ұсақтау тұзды заттардың таралуының диффузиялық процестерін жеделдету және ылғал мен тұзда еритін ақуыздардың дисперсиялық ортаға өтуі үшін қажет. Тұздау кезінде ет тұз сақтау сапасына, микроорганизмдердің әсеріне төзімділікке ие болады, термиялық өңдеу кезінде оның ылғал сақтау қабілеті артады, бұл шұжық өндірісінде маңызды, дәмі қалыптасады.

Өнімнің қарқынды және тұрақты түсіне қол жеткізу үшін рецептура бойынша көзделген мөлшерде натрий нитриті 2,5% - дан аспайтын концентрациядағы ерітінді түріндегі тұздау қоспасының құрамында қосылады (немесе оны тартылған етті дайындау кезінде енгізеді).

Тартылған ет тұздау қоспасымен мұқият араластырылады және $(2\pm 2)^\circ\text{C}$ температурада 6-дан 24 сағатқа дейін тұздауға жіберіледі.

Сиыр майы 0-4°C температураға дейін салқындатылады, содан кейін тартылған ет дайындалмас бұрын, саңылаулардың диаметрі 2-3 мм болатын тор арқылы ұсақталады.

Тартылған етті дайындау.

Тартылған етті дайындау кезінде ет шикізаты, тағамдық ингредиенттер мен қоспалар, дәмдеуіштер, су (мұз) тұздалған кезде қосылған тұз қоспасын немесе ас тұзын немесе тұзды ерітіндіні ескере отырып, рецептураға сәйкес өлшенеді.

Тартылған ет куттерде екі кезеңде дайындалады.

Бірінші кезеңде 5-7 минут ішінде майсыз шикізат - ұсақталған сиыр еті, судың бір бөлігі (мұз) өңделеді . Өңдеудің бірінші кезеңіндегі шикізаттың оңтайлы температурасы 3-тен 5°C-қа дейін.

Өңдеудің екінші кезеңінде сиыр майы, судың (мұздың) қалған бөлігі енгізіліп, 3-5 минут ішінде өңделеді, біртіндеп дәмдеуіштер, портулак ұнтағы (100 кг шикізатқа 1% мөлшерінде) және 100 кг шикізатқа 5% мөлшерінде ақуыз гидролизаты ұнтағы қосылады. Тартылған етті дайындаудың жалпы ұзақтығы-8-

12 минут. Кесудің оңтайлы ұзақтығы-бұл жабысқақтық, тартылған суды байланыстыру қабілеті, шұжықтардың консистенциясы мен шығымы сияқты көрсеткіштер максимумға жетеді.

Өңдеудің екінші кезеңінде сиыр майы, судың (мұздың) қалған бөлігі енгізіліп, 3-5 минут ішінде өңделеді, біртіндеп дәмдеуіштер, портулак ұнтағы (100 кг шикізатқа 1% мөлшерінде) және 100 кг шикізатқа 5% мөлшерінде ақуыз гидролизаты ұнтағы қосылады. Тартылған етті дайындаудың жалпы ұзақтығы-8-12 минут. Кесудің оңтайлы ұзақтығы-бұл жабысқақтық, тартылған суды байланыстыру қабілеті, шұжықтардың консистенциясы мен шығымы сияқты көрсеткіштер максимумға жетеді.

Дайын тартылған еттің рН мәні 5,6-дан 6,2-ге дейін болуы керек.

Термиялық өңдеуге дайындық.

Термиялық өңдеуге дайындық кезінде қалыптау, қалыптарды толтыру, қалыпталған бұйымдарды жақтауларға ілу (табиғи немесе жасанды ақуыз қабығындағы шұжықтар үшін) жүзеге асырылады.

Қалыптау.

Қабықтарды тартылған етпен толтыру вакуумдауды қолдана отырып, шприцтерде ұсынылады.

Батондар жіңішке таяқтарға ілініп, сырғып кетпес үшін, жақтауларға қойылады және термиялық өңдеуге жіберіледі.

Нығыздау.

Қалыптаған шикі батондардағы тартылған ет тығыздалу үшін 0°C-тен 4°C градусқа дейін температурада, 80-85% салыстырмалы ылғалдылықта 2 сағатқа дейін қысқа мерзімді шөгу ұсынылады.

Термиялық өңдеу.

Қуыру 85-95°C градуста батон ішіндегі температура 45°C градусқа жеткенше жүргізіледі.

Шұжық батондарын пісіру. жылыту ортасының (бу, су) температурасы 75-80°C, ауа ылғалдылығы 100% , батон ортасында 70-72°C температураға жеткенге дейін пісіреді.

Салқындату.

Пісіру аяқталғаннан кейін шұжықтар дереу салқындатылады. Салқындату температурасы 15°C-тан аспайтын суық ағын сумен және/немесе температурасы 0-ден 8°C-қа дейінгі, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 95% жағдайларда (салқындату камераларында) өнімнің ортасында 8°C-тан аспайтын температураға жеткенге дейін жүргізіледі

Сапаны бақылау.

Дайын өнімдерді органолептикалық көрсеткіштер МЕМСТ Р 53159, МЕМСТ Р 53161, МЕМСТ Р ИСО 8588, МЕМСТ 9959; физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштер МЕМСТ Р 51447, МЕМСТ 9792, МЕМСТ 31904, МЕМСТ 32164 бойынша тексеріледі.

Тәжірибелік үлгілер берілген технологиялық сұлба арқылы жасалды (сурет 21).



Сурет 21 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжық өнімдерін өндірудің технологиялық сұлбасы

«Баянауыл» геродиетикалық шұжық өнімдерінің рецептурасы негізінде МЕМСТ 23670- 2019 бойынша өндірілетін сиыр етінен жасалған шұжық рецептурасы алынды (кесте 27).

Кесте 27 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжық өнімдерінің рецептурасы

Шикізат	Бақылау «Пісірілген шұжық өнімдері» МЕМСТ 23670- 2019	Тәжірибе 1 Портулак ұнтағы 1%, АГ 5%
Сінірінен ажыратылған сиыр еті жоғары сұрып, кг	70	70
Сінірінен ажыратылған сиыр еті бірінші сұрып , кг	15	11
Сиыр майы, кг	12	10
Ақуыз гидролизаты, кг		5
Құрғақ портулак ұнтағы, кг		1
Ас тұзы, кг	2,1	2,1
Натрий нитриті, кг	0,05	0,05
Қант, кг	0,19	0,19
Қара бұрыш, кг	0,15	0,15
Кардамон н/е мускат жаңғағы, кг	0,2	0,2

«Баянауыл» геродиетикалық шұжық өнімдері рецептурасының компоненттері ретінде жоғары және бірінші сортты сиыр еті, сиыр майы, портулак, ақуыз гидролизаты және басқа да қосалқы ингредиенттер қолданылды.

4.2 Дайын өнімнің тағамдық және биологиялық құндылықтарын анықтау

Жетілдірілген технологияға сәйкес өсімдік шикізаты ретінде құрғақ портулак ұнтағы мен ақуыз гидролизатын қолдана отырып, «Баянауыл» геродиетикалық пісірілген шұжықтың тәжірибелі партиясы жасалды және оның органолептикалық көрсеткіштері зерттелді. Бақылау үлгісі ретінде МЕМСТ 23670 - 2019 «Пісірілген шұжық өнімдері» бойынша өсімдік шикізаты мен ақуыз гидролизатын қоспай жасалған шұжық болды.

Өсімдік шикізаты мен ақуыз гидролизатын қолдана отырып өндірілген «Баянауыл» геродиетикалық шұжықтың органолептикалық бағалауы қабылданған әдістемеге сәйкес 5 балдық жүйе бойынша жүргізіліп, нәтижелері 28-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 28 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының органолептикалық бағалау нәтижелері

Көрсеткіштер Үлгілер	Дәмі	Иісі, дәмі	Сыртқы түрі	Консис- тенциясы	Кескендегі түрі	Шырынды- лық
Бақылау үлгісі	5	4,8	4,8	4,9	4,8	4,7
«Баянауыл» геродиетикалық шұжығы	4,9	4,8	4,8	5	4,9	4,9

«Баянауыл» геродиетикалық шұжықтың дегустациялық бағалауы дайын өнімнің жоғары органолептикалық сипаттамаларын көрсетті.

Органолептикалық бағалау нәтижелері шұжықтардың түс сипаттамаларын және құрылымдық механикалық көрсеткіштерді зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Түс сипаттамалары мен құрылымдық-механикалық көрсеткіштерді зерттеу нәтижелері 29-ші кестеде және сурет 21-де көрсетілген.

Түс сипаттамаларын өлшеу нәтижесінде Lab негізгі түстер жүйесі алынды: L түстің қарқындылығын (ашықтығын), а – қызару немесе жасылдандыру дәрежесін, b – сарғыштық немесе көк түс дәрежесін анықтайды. Бұл үстердің сандық көрсеткіштері, олардың негізінде түстердің толық айырмашылықтары ΔE формула бойынша есептелген:

$$\Delta E = \sqrt{\{(L_k - L_0)^2 + (a_k - a_0)^2 + (b_k - b_0)^2\}} \quad (21)$$

Түс қанықтығын Lab түстер жүйесі бойынша зерттеу нәтижелері 29-шы кестеде берілген.


Кесте 29 – Өсімдік шикізатын қолданып жасалған геродиетикалық шұжық өнімдерінің түстік сипаттамалары

Жарықпен әсер етуден бұрын түстік сипаттамалар			Жарықпен әсер етуден кейін түстік сипаттамалар			Түс тұрақтылығы, %
L- ашықтық	a-қызғылт	b- сарғыштық	L- ашықтық	a- қызғылт	b- сарғыштық	
64,04±0,43	15,35±0,40	11,59±0,53	62,58±0,60	14,07±0,44	13,82±0,40	89,96±1,47

29-шы кестеде келтірілген зерттеу нәтижелері ашықтық пен қызғылт мәндері тиісінше 2% және 8% шамасында айтарлықтай төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар, сарғыштық, керісінше, жарықпен әсер еткен кезде жоғары мәндерге ие болды (20%). Берілген зерттеу нәтижелері дайын өнімнің түсі тұрақты екенін көрсетеді, яғни ақуыз пигменттерінің тотығуына жол бермейтін, тотығуға қарсы қасиеті бар портулак ұнтағын енгізумен байланыстыруға болады.

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша өсімдік шикізатын енгізу дайын өнімде қажетті түс сипаттамаларының кешенінің қалыптасуына оң әсер етеді, сонымен қатар натрий нитритінің ыдырау процестерін және нитрозопигменттердің түзілуін күшейтеді, олардың тұрақтылығын арттырады деген қорытынды жасауға болады.

Өсімдік шикізатын қолдана отырып, геродиетикалық шұжықтың құрылымдық-механикалық сипаттамалары туралы мәліметтер 22-ші суретте көрсетілген. Алдынған нәтижелер өсімдік шикізаты мен ақуыз гидролизатын енгізу арқылы үлгілердің жұмсақ консистенциясына қол жеткізілгенін көрсетеді. Дайын өнімнің құрылымдық-механикалық сипаттамаларын зерттеу барысында дайын өнімді кесу кернеуі көрсеткіштері зерттелді (сурет 22).



Сурет 22 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының кесу кернеуінің көрсеткіштері

«Баянауыл» геродиетикалық шұжығының құрылымды-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде кесу кернеуі $38,5 \pm 0,15$ кПа құрады. Құрғақ портулак ұнтағын және ақуыз гидролизатын енгізу арқылы жасалған

шұжықтың кесу кернеуі пісірілген шұжыққа сәйкес болатынын және бақылаумен салыстырғанда 2%-ға төмен екені анықтады.

Өсімдік шикізаты портулак және ақуыз гидролизат қосылып жасалған «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының сапалық көрсеткіштерінің нәтижелері келесі кестелерле көрсетілген.

Кесте 30 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының химиялық құрамы

Көрсеткіштер атауы	Бақылау үлгісі	«Баянауыл» шұжығы
Ылғалдың массалық үлесі, %	63,5±1.2	65,2
Майдың массалық үлесі, %	14,0 ±2.1	9,85
Ақуыздың массалық үлесі, %	16,85±2.3	19,29
Көмірсудің массалық үлесі, %	3,00	3,01

Ет өнімдерінің толық ақуыздың негізгі көздерінің бірі болып табылады, олардың құрамында 11-22% шамасында ақуыз мөлшері болады. Ет пен ет өнімдерінің құрамына қарапайым және күрделі ақуыздар, соның ішінде суда, тұзда және сілтіде еритін ақуыздар кіреді, мысалы, суды ұстап тұру, ісіну және ерігіштік сияқты маңызды функцияларды, сондай-ақ өнімнің түсіне жауап беретін күрделі пигментті ақуыздарды қамтамасыз етеді. Ақуыздар химиялық және кеңістіктік құрылымымен ғана емес, сонымен қатар бөлшектердің өлшемдерімен, сондай-ақ молекулалардың пішінімен де ерекшеленеді. Соңғысы екі топты қамтиды: фибриллярлы және глобулярлы, физикалық-химиялық қасиеттерімен, ең алдымен суда ерігіштігімен, сулы-тұзды ерітінділерімен және полярлы еріткіштердің сулы ерітінділерімен, сондай-ақ денатурация, гидролиз және басқа түрлендірулермен сипатталады. Суда еритін ақуыздарға бұлшықет ұлпасы ақуыздарының альбумин фракциялары (миозин, миоглобин, миоглобин, глобулин) жатады. Осыған байланысты өнімнің қажетті технологиялық қасиеттерін сақтау және алу үшін функционалдық-технологиялық қасиеттерді (ФТҚ) тиісті деңгейде ұстап тұру қажет. Сондықтан фракциялық құрамды бөлу процесін, әсіресе оның жалпы қабылданған нормалардан ауытқуын түсіну өнімнің ФТҚ-терін тұрақтандыруға және қажетті сапаны құруға көмектеседі.

Саркоплазмалық ақуыздардың арақатынасын салыстырмалы зерттеу нәтижелері бойынша ақуыз фракцияларының құрамындағы өзгерістердің динамикасын зерттеу бұлшықет ұлпасынан саркоплазма ақуыздарын төмен иондық күштің буферлік ерітіндісімен алуға және суда еритін, тұзда еритін және сілтіде еритін ақуыздардың фракцияларын алуға негізделген, содан кейін


олардың санын Къельдал әдісімен анықтау 31-ші кестеде келтірілген.

Кесте 31 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжығы ақуыздарының фракциалық құрамы

Көрсеткіштер атаулары	Бақылау үлгісі	«Баянауыл» геродиетикалық шұжығы
Суда ерігіш ақуыздар, %	3,80	4,20
Тұзда ерігіш ақуыздар, %	2,65	1,72
Сілтіде ерігіш ақуыздар, %	9,36	13,10

«Баянауыл» геродиетикалық шұжығы фракциялардың ең көп саны сілтіде ерігіш ақуыздар, ең аз тұзда ерігіш ақуыздар оқшауланған, бұл дайын өнімнің құрамында коллагеннің болуын растайды. Көбінесе дәнекер ұлпаның ақуыздары деп аталатын сілтіде ерігіш ақуыздар немесе строман ақуыздары бұлшықет құрылымын қолдайтын тірек ретінде қызмет етеді. Строманың негізгі ақуызы-коллаген. Эластин мен ретикулин строманың кішкене бөлігін құрайды. Бұл ақуыздардың барлығы суда және тұзды ерітінділерде ерімейді.

Ақуыздың фракциялық құрамын зерттеу нәтижесінде алынған келесі мәндер 23-ші суретте көрсетілген.



Сурет 23 – Зерттелетін үлгілердің бір өлшемді электрофореграммасы

Шартты белгілер: Ст-молекулалық масса стандарты: 250, 150, 100, 70, 50,

40, 30, 20, 15, 10 қДа (жоғарыдан төмен), 1-закол 6 мкл, зак 2-закол 4 мкл (үлгі).

Бөлініп алынған ақуыздардың фракциялары негізінен сиыр етіне қатысты болды, Толық тізім В қосымшасында берілген, сонымен қатар бұл үлгіде портулак тұқымдасына жататын ақуыздар анықталды (кесте 32).

Кесте 32 – Тәжірибелік үлгілерде анықталған портулак тұқымдасына жататын ақуыздар

Ақуыздың атауы	Геннің атауы	Шығуы	Молекулярлық массасы, қДа
4,5-ДОФА диоксигеназа экстрадиол	DODA	Portulaca grandiflora	29,92
Ірі тізбекті рибулозобисфосфаткарбоксилаза	rbcL	Trianthema portulacastrum	53,13
Матурасе К	matK	Portulaca oleracea	60,87

Нәтижесінде, компьютерлік денситометрияның көмегімен 158 ақуыз фракциясы оқшауланған, негізгі ақуыздар *Bos taurus* (Bovine) түріне жатады. Бұл үлгінің құрамымен расталады. Өсімдік гендеріне жататын 3 ақуыз (фермент) бөлініп алынды:


- Үлкен тізбекті рибулозобисфосфат карбоксилаза
- 4,5-ДРОФА диоксигеназа эстрадиол
- Матурасе К.

Рибулозобисфосфаткарбоксилаза (РБФК): өсімдік жапырақтарының негізгі ферменті болып табылады [179]. РБФКО ақуызын емдік және тағамдық мақсаттарда қолдану әлі де аз назар аударады, дегенмен аминқышқылдарының құрамы бойынша РБФКО ақуызы сүт казеиніне жақын екендігі бұрыннан байқалған. Гендік инженерия әдістерін қолдана отырып, ақуызды маңызды аминқышқылдарымен байыту мүмкіндігі осы тұрғыдан ерекше болып көрінеді.

4,5-ДОФА диоксигеназа эстрадиол: ферменттің кинетикалық қасиеттері бетулин қышқылының түзілуімен сипатталады (олар басқа өсімдіктерде антоцианин релін атқарады), беталаиндердің өсімдік пигментінің құрылымдық, хромофорлық және биоактивті бірлігі [180]. Беталаиндер-радикалға қарсы белсенділігі күшті молекулалар. Тері мен бауырдағы ісік түзілуі дәлелденді болып табылады тышқандардың диетасындағы пигменттердің өте төмен концентрациясында тежеледі [181]

Матураза К (matK) - өсімдіктердің пластикалық гені. Ол кодтайтын ақуыз-органелланың интрон-матуразасы, II топ интрондарын біріктіретін ақуыз. Ол II топтағы интрондарды *in vivo* байланыстыру үшін қажет [182].

«Баянауыл» геродиетикалық шұжық ақуызын кешенді зерттеу үшін аминқышқылды құрамы анықталды (сурет 24).



Сурет 24 - «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының бақылау үлгісімен салыстырмалы аминқышқылды құрамы

Зерттеу нәтижелері «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының құрамында глициннің, глутамин қышқылының, лизиннің, яғни негізінен коллагенде кездесетін аминқышқылдарының жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл негізінен сілтінде еритін ақуыздардың басым болуымен расталады.

Геродиетикалық шұжықтың биологиялық құндылығын сипаттайтын аминқышқылды скор көрсеткіштері 33-ші кестеде берілген

Кесте 33 - «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының аминқышқылды скор нәтижелері

Аминқышқылдар	Аминқышқылды скор, %	
	Бақылау	«Баянауыл» геродиетикалық шұжығы
Валин	72,4	90,5
Изолейцин	161,6	153,8
Лейцин	83,9	85,7
Лизин	110,1	124,3
Метионин+Цистеин	93,3	111,2
Треонин	158,8	134,1
Фенилаланин+тирозин	82,4	89,4
КРАС	36,5	27,0
БҚ, %	63,5	73,0

Геродиетикалық шұжықтың аминқышқылды скор нәтижелері бойынша дайын өнімнің құрамындағы шектелген алмастырылмайтын аминқышқылдар қатарына лейцин 85,7 %, Фенилаланин+тирозин 89,4 % және валин 90,5 % жатады.

Геродиетикалық өнімдерге қойылатын басқа талаптар-олардың жеңіл шайнауы және жоғары сіңімділігі.

Азық-түліктің биологиялық құндылығын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – протеолитикалық ферменттердің асқазан-ішек жолындағы ақуыздарды сіңіру дәрежесі. Ақуыздардың *in vitro* ас қорыту ферменттерімен қорытылуын анықтау нәтижелері ағзадағы ақуыздардың ыдырау дәрежесін болжауға мүмкіндік береді. Нәтижелер геродиетикалық шұжықтың тәжірибелік үлгілердің бақылаумен салыстырғанда пепсин мен трипсиннің ас қорытуының біршама жоғары мәнімен 34-ші кестеде сипатталып көрсетілді

Кесте 34 – «Баянауыл» геродиетикалық шұжығының қорытылуын бағалау нәтижелері

Атауы	Бақылау үлгісі С, мкг/мл	«Баянауыл» шұжығы С, мкг/мл
Гидролиздің 1 кезеңі (пепсин)	683,8±11,5	728,1±22,9
Гидролиздің 2 кезеңі (трипсин)	347,6±2,4	392,5±7,8

Зерттеу барысында геродиетикалық пісірілген шұжық өнімдерінің тәжірибелік және бақылау үлгілерінің ақуыздарының қорытылуына салыстырмалы талдау жүргізілді. Өсімдік шикізаты портулак пен ақуыз гидролизаты қосылған өнімдер протеолитикалық ферменттердің (пепсин мен трипсин) әсерінен тирозиннің жоғары концентрациясымен сипатталатыны анықталды – 728,1 мкг/мл-ден (гидролиздің алғашқы үш сағаты ішінде) 392,5 мкг/мл-ге дейін (гидролиздің 6 сағаты ішінде), бұл осы өнімдер ақуыздары қорытылуының жоғары дәрежесін көрсетеді. Алынған нәтижелерге сай шұжық өнімдерінің тәжірибелік үлгілерінде гидролизденген ақуыздардың коллаген кешенін қолдану, тирозин концентрациясы макромолекулалардың ас қорыту ферменттерінің әсерін арттырды, осылайша өнімнің қорытылуын жақсартады. Нәтижелер гидролизденген жануартекес ақуыздарының асқазан-ішек жолдарының ас қорыту ферменттерінің әсерінен оңай ыдырау, қанға оңай сіңетін пептидтер мен бос аминқышқылдарын түзу қабілеті туралы әдеби дәлелдерге сәйкес келеді.

Ет өнімі сапасының келесі маңызды көрсеткіші – ол май қышқылының құрамы. Зерттеудің бұл аспектісінде сәйкесінше омега-3/омега-6-ға жататын

линолен және линол қышқылдарының құрамы үлкен қызығушылық тудырды. Бұл май қышқылдары портулак құрамында табылды және олардың дайын өнімде болуы өсімдік шикізатын қосудың орындылығын дәлелдеді. Май қышқылының құрамын зерттеу нәтижелері 35-ші кестеде берілген.

Кесте 35 – Өсімдік шикізаты қосылып жасалған геродиетикалық шұжықтың май қышқылды құрамы


№	Көрсеткіштердің атауы	Май қышқылды құрамы (массалық үлесі, %)	
		Бақылау	«Баянауыл» шұжығы
1	Миристин қышқылы C _{14:0}	1,8±0,4	1,7±0,4
2	Миристолеин қышқылы C _{14:1}	0,2±0,4	0,1±0,4
3	Пентадекан қышқылы C _{15:0}	0,2±0,4	0,2±0,4
4	Пальмитин қышқылы C _{16:0}	23,5±0,4	21,3±2,1
5	Пальмитолеин қышқылы C _{16:1}	3,2±0,2	3,5±0,4
6	Маргарин қышқылы C _{17:0}	1,1±0,1	0,6±0,4
7	Гептадецен қышқылы C _{17:1}	0,1±0,4	0,2±0,4
8	Стеарин қышқылы C _{18:0}	6,1±1,4	6,4±2,1
9	Олеин қышқылы C _{18:1}	33,2±0,5	30,1±2,1
10	Линол қышқылы C _{18:2ω6}	29,9±2,1	32,2±2,1
11	Линолен қышқылы C _{18:3ω3}	2,3±0,4	2,8±0,4
12	Арахин қышқылы C _{20:0}	-	0,1±0,4
13	Тимнодон қышқылы C _{20:5}	-	0,5±0,4
14	Эйкозодиен қышқылы C _{20:2ω6}	-	0,3±0,4
15	Трикозан қышқылы C _{23:0}	0,2±0,4	0,3±0,4

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде 36 май қышқылынан тек 14 көрсеткіш маңызды концентрацияда бөлінді. Қанықпаған қышқылдардың мөлшері 33,8 % құрайды, қаныққан қышқылдардың мөлшері 30,6–50% құрайды, омега қышқылдарының мөлшері 35,3% құрады, омега-6 мен омега-3 қатынасы рұқсат етілген диапазонда (омега-6-дан омега-3-ке дейін 4: 1-ден 15: 1-ге дейін) 9 : 1, оңтайлы денсаулық үшін өте маңызды

Дайын өнім майларының тотығуын болдырмау үшін 7 күн ішінде тотығу бұзылуының динамикасы зерттелді. Бұл зерттеудің мақсаты 7 күн бойы салқындатылған сақтау кезінде майлар мен ақуыздардың тотығуына қарсы

портулак ұнтағының (*Portulaca oleracea* L.) қорғаныс әсерін бағалау болды.

Өсімдік шикізаты қосылған геродиетикалық шұжықтың тотығып бұзылуының динамикасы келтірілген (сурет 25).



Сурет 25 - Геродиетикалық шұжық өнімдерін сақтау кезіндегі асқын тотығу санының өзгерісі

Нәтижелерді бағалау кезінде пероксид санының жинақталуы төмен қарқынмен жүреді деген қорытынды жасауға болады, мұны ақуыздарда да, майларда да, тотығу процестерін баяулататын 1% портулак шикізатының құрамына енгізілуімен байланыстыруға болады.

Қазіргі уақытта синтетикалық антиоксиданттар ет өнеркәсібінде майлар мен ақуыздардың тотығуын бәсеңдету үшін кеңінен қолданылады. Алайда, тұтынушылар бұл синтетикалық антиоксиданттарға олардың токсикологиялық әсеріне байланысты алаңдайды. Тиісінше, табиғи антиоксиданттарды синтетикалық антиоксиданттармен салыстырғанда денсаулық қауіпсіздігі үшін қолдануға болады.

Портулак ұнтағы жақсы антиоксиданттық белсенділікке ие, өйткені оның құрамында полифенолдар, шағын тізбекті органикалық қышқылдар және сахаридтер бар. Потенциалды табиғи антиоксидант ретінде портулак синтетикалық антиоксиданттармен салыстырғанда жақсы тұрақтылықты, ұйымшылдықты және дәрілік құндылықты қоса алғанда, жоғары қасиеттерге ие және сонымен қатар ол танымал төмен калориялы өнім болып табылады және емдік қасиетке ие [183-185].

